

ПИОНЕР



АПРЕЛЬ

1956 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 4



Л Е Н И Н

Жатса дағы көзін жұмып ол енді,
Жаны, бірақ, көп алғысқа бөленді.
Өзімізбен күнде бірге жүргендей,
Бірге күліп, бірге айтқандай өлеңді.

Жатса дағы көзін жұмып тыныстап,
Тұрғандай ол алдымызда ту ұстап.
Дүниеге өзі келген кезде бір,
Күн нұрымен жайнапты ғой күміс бақ.

Төгіпті де аямастан күн нұрын,
Құттықтапты Көктем, Бақыт бір-бірін.

Өсе келе ұлы жүрек, ұлы жан,
Иығымен көтеріпті жыл жүгін..

Құя берсін мол бақыттың нәсері,
Көсем ойы, мақсаты да осы еді.
Ленин деп ән шырқайды жас буын
Аралап жүр осы бір ән көшені.

Қолымызға біздер қызыл ту алдық,
Мектеп бардық, ұстаз көрдік, қуандық.
Үлкен жүрек сәулесінен мен де сен,
О, достарым, бәріміз де нұр алдық.

Тұманбай Молдағалиев.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 4

АПРЕЛЬ

1956 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 18 жыл.

ВЛАДИМИР ИЛЬИЧ КРЕМЛЬДЕ

Владимир Бонч-Бруевич



1918 жылы 11 марттың кешінде Владимир Ильич пен Совет үкіметінің өзге де мүшелерін алып келе жатқан Николаевская (қазіргі Октябрь) темір жолының арнаулы поезі, осы жолдың Москвадағы бас вокзалының жүргіншілер платформасына келіп тоқтады. Поезд стан-

цияларда ұзақ тоқтаумен, тым кешігіп келе жатқандықтан, бізді күтіп алған адамдар да жөнді бола қоймады.

Біз «Националь» қонақжайына Владимир Ильичтен бұрынырақ келіп, Халық Комиссарлары Советі Председателінің уақытша тұратын бөлмелерін қадағалап қарап шықтық. Қонақжайға табанда қызылгвардеецтерден күзет қойылды да, оның үстіне, Владимир Ильич бөлмесінің есігі қараған коридор басқа тұрғындардан мүлдем босатылды. Владимир Ильичке келушілерге, Москвадағы партия қызметкерлерінің көпшілігін таныйтын Москва Советінің кезекші мүшелерінің көмегімен қатал бақылау орнатылды.

Екінші күні, 1918 жылы 12 мартта, Владимир Ильич жұмысшылардың жаңа үкіметі — Совет мемлекеті орналасуға тиіс үйді көріп қайту үшін, Кремльге баруды қалады. Біз күндізгі сағат он екіде Кремльдің Троицкі қақпасына келгенімізде күн шайдай ашық көңілді-ақ болды. Сақшылар, тәртіпке лайық, бізді тоқтатты. Біз рұқсат қағазымызды ұсындық. Бізге қаруын құрсанған командир жақын келіп:

— Келген кім? — деп сұрады.

— Халық Комиссарлары Советінің Председателі Владимир Ильич Ленин, — деп тақ-тақ жауап қайырдым.

Біздер қарт қақпаға келіп кірдік.

— Міне, қарт Кремль! Менің оны көрмегеніме де көп боп қалды-ау! — деді байыппен Владимир Ильич.

Мен шоферді бір заманда сот пен меже бөлушілер тұрған үйге жібердім. Маған Кремльдің барлық үйлерінің ішіндегі үкіметті орналастыруға лайығы осы болып көрінді. Астыңғы қабатына Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетін өзінің барлық мекемелерімен орналастыруға болар деген болжалмен біздер Халық Комиссарлары Советін орналастыратын және барлық жағынан Владимир Ильичке ыңғайлы келетін жай іздеп жоғарыға көтерілдік. Мұндай жайлы орын бұрынғы сот палатасы прокурорының үйі болып шықты да, біздер бәрінен бұрын оның үш шағын бөлмесін және кұхнясы, сенегі, ваннасы, үй шаруасындағы әйелге арналған бөлмесімен Владимир Ильичтің семьясына бөліп тастадық. Осы бір өте жұпыны пәтерге-ақ Владимир Ильич әбден қанағаттанып қалды. Ол 1918 жылы 30 августа жараланған кезде, тағы бір бөлме қажет болып, оны Халық Комиссарлары Советінің Істер басқармасынан босатып бердік.


Владимир Ильичтің пәтерінің қасына, келушілерді қабылдайтын бөлмемен қоса, Совнаркомның Істер басқармасы орналасты. Онан әрі Совнаркомның мәжіліс залы созылды да, ол тура Владимир Ильичтің кабинетіне тірелді, залдың аржағындағы бөлмеге телефоншылар орналасты. Владимир Ильичтің кабинетінің екінші жағында тағы бір есік бар-ды. Онда үнемі сақшы тұратын. Сақшыға Владимир Ильич үйіне баратын коридор тегісімен жақсы көрінеді. Бір кезде мұнда телеграф орнатылып, онан Владимир Ильич тікелей провод арқылы барлық майдандармен, республикалардың астана қалаларымен сөйлескен-ді және қазбасқан еліміздің ең қыйын-қыстау кездерінде, оның шартарапына көсемнің көптеген жарлықтары осы арадан тарап жатқан еді.

Алдағы жайласудың жоспарын мен сол заматта Владимир Ильичке баяндап бердім. Ол оны мақұлдады.

— Маған мұнда қашан көшіп келуге болар екен? — деп сұрады Владимир Ильич.

— Мен ұзамай-ақ келуге болар деп ойлаймын. Өзіңіздің бөлмелеріңізді ретке келтіріп болғанша, уақытша басқа бөлмелерге кіре тұруға тура келер. Біздер оны ертең реттейміз.

Біздер енді кавалер корпусының екінші қабатындағы бөлмелерді қарауға келдік. Анығында Владимир Ильич 24-пәтерде тұрды да, тап оған жалғас 23-пәтерде Елизаровтар — Анна Ильинична мен ері



Марк Тимофеевич, ал 26-пәтерде Мария Ильинична Ульяновалар тұрды.

Латыш батальонының шабарманы, батальон командирінің латыш атқыштары дереу сап түзеп жеделдете Кремльге келе жатқанын жазған пакетін күйғыта кеп ұсынғанда, біздер Потешный сарайын баау орай өтіп Троицкий қақпасына жақындаған едік. Батальонды қабылдау және оны пәтерге орналастыру туралы жарлықтар беріп, Кремльдің жаңа коменданты Мальков жолдастың жайраң қағып, жолдарыңыз болсын деген қошеметімен біздер автомобильге отырдық.

— Дереву Кремльдің төбесіне революцияның Қызыл туын орнатындар! — деген бұйрық берілді Мальков жолдасқа.

— Күп! — деп жауап қайырды ол матросша.

Сөйтіп әрі тарттық.

Осыдан кейін бір сағат өтпей-ақ Кремльдің үстінде революция нышаны, — біздің социализм үшін күресіміздің алқызыл туы желбіреді.

Троицкі қақпасының алдына бір қыдыру халық жыйналып қалған екен, шамасы Владимир Ильичтің Кремльге келіп кіргені туралы хабар тарап та үлгірген болуы керек.

Троицкі қақпасынан еңіспен, көпір арқылы, Куцафьева мұнарасына құлдылап келе жатқан біздің автомобилімізді көре сап, қақпаға үстеме наряд шақыртқан қызыләскерлер, өздерінің командирлерімен бірге сапқа иін тіресе қалды да, өздерінің көсеміне және Халық Комиссарлары Советінің Председателіне лып еткізіп әскери честь берді. Біз Кремльден шығып жүре бердік.

Владимир Ильич ертеңіне кавалер корпусының бөлмелеріне көшіп келді. Ол мұнда бес күн тұрып, наркомдарды, басқа да өзі көргісі келген адамдарды және өзіне қажетті ісі бар адамдарды қабылдап отырды.

Ақырында, соттың үйі де тәртіпке келтіріліп болды. Ең алдымен бұған Бүкілроссиялық орталық Атқару Комитеті келіп кірді де, Владимир Ильич өзінің пәтеріне келіп орналасты.

Енді ертемен, сағат сегіз шамасында, дәйімі Владимир Ильичтің жеделдете басқан сергек адымы естілетін болды. Бұл оның өз пәтерінен шығып, коридорды бойлай кабинетіне өтіп бара жатқаны. Кабинеттің есігіне жақындай бергенде ол, әрқашан алдымен мұнда тұрған сақшымен амандасып, онан сақ еткен әскери жауап еститін. Кремльдің ерекше үйіне орналастырылған әскери командир курсының оқушылары ішкі күзет міндетін іле жүргізді.

Кабинетке кіргенде, Ленин бірден Істер басқармасының қызметкерлері өзіне дайындап қойған почтаны, оның ішінен ең алдымен ішкі және сыртқы майдандардан келген телеграммаларды қарай бастайтын да, тап сол заматта, қабырғалардың өнбойларына ілініп тасталған географиялық карталарға барлық жаңа мәліметтерді көрсете қоятын. Тағы да бір карта ілу қажет болып еді, бірақ оған орын болмады. Сонан соң оның бұрыш-бұрышына желім жағып, Владимир Ильич үнемі жұмыс іс-

тейтін жазу столына өте жақын пешке жапсыруға тура келді.

Халық Комиссарлары Советінің мәжіліс залымен іргелес қабырғада үлкен былғары диван тұрды. Оның терезеге жуық шеткі бұршында біраз уақыттар отыруға, пластилиннен Владимир Ильичтің бюстін жасаған скульптор Андреевке рұқсат етілген-ді. Кейіннен осы кісі Совет мемлекеті гербінің жобасын жасап, оны Владимир Ильич қуаттаған да, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекіткен еді.

Владимир Ильичтің жазу столының үстінде, оны біздің телефонистер — жұмысшы-қызылгвардияшылар шақырғанын білдіретін, бірнеше хабаршы белгілер болды.

Владимир Ильичтің жазу столының сол жағында, телефон бөлмесіне өтетін, ерекше есік бар-ды. Ол кезде әлі де ыңғайлы телефон аппараттары, дыбыс күшейткіштер бола қоймаған. Шет аймақтармен, майдандармен әрбір сөйлесу өте қыйынға түсетін. Владимир Ильичтің даусы мүлдем қарлығытын және сөздердің естілуі де, көбінесе, нашар болатын.

Біраз уақыттан кейін Владимир Ильич өзінің кабинетінде шағын кітапхана ұйымдастыруға рұқсат етті де алынатын кітаптардың алғашқы тобын өзі белгілеп берді. Олардың ішінде Дальдің төрт томдық орыс тілі сөздігінің болуын қалады және оларды жазу столының жанындағы өзі отыратын креслоға жуық айналмалы кітап сөреге қойғызды. Тыныстап отырып ол Даль сөздігін қолына жиі алатын еді де, оны өте жіті зерттейтін.

Ол кітапхана кабинеттің оң жақ қабырғасына жайластырылған.

Столдың тура қарсы алдында, Совнаркомның мәжіліс залына апаратын клеенкамен қапталған есік болды. Есіктің сыртында Владимир Ильич отыратын ағаш кресло тұрды, ол қазір шынымен қапталып кабинеттің мәжіліс залында сақтаулы тұр.

Владимир Ильич ешуақытта шылым тартқан емес. Оған шылымның түтіні ауыр әсер ететін. Мұндай әуеде отырғанда оның басының ауырып қалатыны бар-ды. Жақын жолдастарының бәрі мұны жақсы білетін, әрине, сондықтан ол отырған жерде бұлар шылым тартпауға тырысатын. Мұны білмейтіндер үшін,



В. И. Лениннің Кремльдегі жұмыс кабинеті.

Владимир Ильичтің кабинетінде және сол сыяқты Совнаркомның мәжіліс залында «Шылым тартпау өтініледі» — деп баспа әрпімен жазылған плакаттар тұрды. Наркомдар мен олардың орынбасарларының ішінде кәнігі шылымшылар көп-ті. Мәжіліс залынан жиі шыға беру ыңғайсыздау, тіпті мүмкін де емес болатын, өйткені, көптеген мәселелерді талқылағанда наркомдардың төрт көзі түгел болуы талап етілетін. Шылымшы пақырлар бұл қиыншылықтан құтылудың да жолын тапты: залдың шыға берісіне жуық жерде бүйірі Совнаркомның мәжілісі залына шығыңқы үлкен голланд пеші тұратын да, пеш пен қабырғаның арасында едәуір қалтарыс болатын. Міне, сол жақта желтартқыш бар-ды. Мәжіліс кезінде, әуені тазарту үшін пештің мұржасы ашылып, оның қақпағы ішкі жаққа қойылушы еді. Шылымшылар орынды ылғый столдың төменгі жағынан алып, сытылып шығып пешке, бұрышқа келеді де, шылымды рақаттана сорады, түтінін желтартқышқа жібереді.

Бәршасын жиі бақылап отыратын Владимир Ильич, наркомдардың бұл ерсілі-қарсылы жүрісін аңғара қойды да, дереу орнынан тұра сап, пешке келе бере шылымшыларды көріп қалып:

— Бәсе, бұл не десем!! Түстіңдер ме қолға, — деп еме-жарқын дауыстап жіберді.

Қостаған ду күлкіден Владимир Ильич наркомдардың өзін сонша жақсы көргеніне сүйсініп, осылайша шылым тарта беруге біржола жол берді.

Владимир Ильич мәжіліс залының өзінде-ақ шылымды тарта беруге рұқсат етуді ұсынды. Бірақ, шылымшылардың барлығы бір ауыздан онан бастартты, олар темекінің түтінін суырып әкететін желтартқышқа барып бұрынғы қалпымен шылымды тарта берді.

Осы залда Совнаркомның, Владимир Ильич жараланып қайтқаннан кейінгі, бірінші мәжілісі болды. Владимир Ильич дәрігерлер рұқсат еткеннен кейін алғаш рет өзінің кабинетіне келіп, Совнаркомның әуесі өзіне өте жағымды және денсаулығына пайдалы екенін айтты. Стол үстіне барлық орыс және шетел газеттері мен журналдары жайылып тасталған кабинетте, сағат екі шамасында, Владимир Ильичтің басқаруымен, Совнаркомның мәжілісі ашылды. Бұл газеттер мен журналдарды Владимир Ильич кешке емес, күндізгі кездерде оқушы еді. Біздер, Владимир Ильичті шаршатып алмау үшін, мәжілісті жарты сағаттан артық созбауға алдын ала келісіп алғанбыз.


Владимир Ильич күн тәртібі бойынша, азық-түлік мәселелері жөніндегі жаңа мәліметтерді баяндаушы Цюрупаның есімін атады.

Цюрупа азық-түлік мәселесінің осы күнгі жағдайын өте қысқа, тұжырымды, толық баяндады. Владимир Ильич көңілін шүйіле аударып сұрақтар бере бастады.

Цюрупа әрдәйімдегісінше, бәріне ап-айқын жауап қайырды, бұған қоса, кейбір мәселелерді оңаша отырып, өзімен бірге шешу үшін, ендігі күндерде Владимир Ильичтің оған өзіне келіп тұруға рұқсат етуін сұрағанда да, Владимир Ильич мұны ықыластан құптады.

Баяндамашының біреуі келмей қалған екен, оның гриппен ауырып қалғанын және анықтауым бойынша, әзірше оның жұмысқа шығуына тыйым салынғанын, мен түсіндіріп өттім, сондықтан оның баяндамасын кейін қалдыруға тура келді.

Бұдан кейін тағы да бір адам сөйледі де, онан соң күн тәртібі ада болды. Отырғандардың бәрі ду көтеріліп Владимир Ильичті қоршап алды. Владимир Ильич, оның қолы жаралы болғандықтан, әрқайсысына жылы лебіздер тауып, бәрінің қолдарын сол ко-



В. И. Лениннің Кремльдегі пәтері.

лымен қысып жатты. Ол бұлардың ішінен, әсіресе, жұмысшылармен, ВЦСПС тың, Еңбек Комиссарлығының және өзге де мекемелердің өкілдерімен қысқақысқа, шүйіркелесе сөйлесті. Совнаркомның Владимир Ильич жараланып оралғаннан кейінгі осы бірінші мәжілісіне қатысуға тиісті адамдардың бәрі келді.

Сәлден соң бәрі де, түрлі желеулермен, Совнаркомның үйінен жылысып тарады да, Владимир Ильич үйіне қайтты.

Совнаркомның мәжіліс залынан әрі қарай Істер басқармасының бөлмелері басталады. Мұнда күнітүні қайнаған жұмыс: кешкілікте Совнаркомның мәжілісі кезінде, сарапшы ретінде шақырылған мамандар, мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша келген қосымша баяндамашылар осында күтуші еді.

Владимир Ильичтің тым жұпыны пәтері қатарынан Істер басқармасы орналасқан. Владимир Ильич Совнаркомның мәжілісінен кейін пәтердің асханасына келетін. Мұнда оның өзі спирт шамға манная каша пісіретін, шай қайнататын, сөйтіп не бір өзі, не семьясымен, немесе өзіне қызмет бабымен шақырылған жолдастардың бірімен шай ішетін еді.

Уақытының көбін кабинетте өткізгенімен, бірақ ол дәл күндізгі сағат төртте бәрін доғарып, семьясымен бірге отырып түскі тамағын ішуге, үйіне келуші еді. Көбіне өте шаршап жүруіне қарамастан, ол күндіз жөнді дем алмайтын. Әдетте ол жараланғанға шейін жиі сырқаттанушы Надежда Константиновнаны мазаламау үшін, асханада шұғылданатын.

Жараланғаннан кейін оқтан қаны шапшыған қолтықтың, сүйегі ұсатылған қолдың жанды жеген ауруын тындамастан ол, осы асханадан жоғары көтерілетін қара баспалдақтың қанатына сүйене, төсегіне жете жығылды да талықсып кетті.

Совнарком Председателінің кабинеті де, Халық комиссарлары Советінің мәжіліс залы да, Владимир Ильичтің өзінің пәтері де, міне, енді осының барлығы мәңгі бақый сақталатын тарихи ескерткіштер болып табылады. Олар біздің жаңа өмір құру жолымызда, елімізде социализм құру жолымызда жүргізген ұмытылмас күрестеріміз жөнінде, біздің ғасырдың данышпаны, Коммунистік партия мен Совет мемлекетін орнатушы Владимир Ильич Лениннің қай жерлерде болғаны, жұмысты қалай істегені жөнінде, ол кісінің заттары, жүрген-тұрған жерлеріндегі барлық жағдайлар арқылы, қарт революционер коммунистердің орнын басушы ұрпақтарымызға айқын, дәлме-дәл ұғымдар беруге тиіс.

Ленинге хат

Гавриил Кунгуров.

Әңгіме



Шағын көл жағасындағы қалың қамыстың арасында жас монгол жігіті отыр. Үстіндегі көк шапаны салтақ-салтақ кір, жауырыны мен жеңдерінің жыртылған жерлері шудаланып, жалбырап, әр жеріне түрлі жамаулар түскен. Басында жыртық киіз қалпақ, аяғына кигені шаң басқан қоңыр көн шоқай, қолындағы қамыс қамшысының сабымен сазды жағалауды шұқылап отыр, құрғақ қыйыршық жоғарыдан сырғанап келіп, суға шолп ете түседі; жағаның қалың шөптері көл бетіне толқындана иіледі.

Жігіттің өңі қажыңқы, қуарған, көзінің алды көгеріп, желге, күнге тиіп еріндері кезерген.

Таяу маңнан торғай шырылдады: жігіт басын көтеріп қарап еді, құс бұтақтың қу талында тербетіліп тұрды да пыр етіп ұша жөнелді.

Жігіт төмен қарап еді. Қарсы алдындағы сазға өскен көк шөптің сарғыш гүліне қонып отырған көкшіл сұр қанатты көбелекті көрді. Көбелек түкті аяғымен гүл шешектерін қозғап, тозаңын жыя бастады. Ал, арт жағынан сабақтың бойымен өрмелеп оған қарай үлкен бір қоңыр өрмекші жақындап келеді. Жемін көрген соң ол тоқтап, жыртықшытықпен тікірейте мұрттарын қайшылай қалды. Жігіт одан көз алмай аңдып отырды да әлден соң құрғақ шөптің сабағын жұлып алып көбелекті ұшырып жіберді. Қомағай өрмекші жалпақ жапырақтың астына кіріп жоғалды. Жігіт еңкейіп барып жапырақты

жұлып алды да өрмекшісімен қоса суға лақтырды.

Жігіттің көздері дөңгеленіп, оттай жайнап, ұшқын атты. Ойына әлдеқандай бір теңеу түсе кетті. Мынау жап-жалпақ, қалың түйе жапырақ қомағай өрмекші тәрізді — гоминді, дала қарақшысын өзінің қымбат шапанының етегімен жауып жүрген жуан князьді еске түсірмей ме? Көкшіл-сұр қанатты көбелек ежелгі дала еңбекшісі — аратқа ұқсамай ма? Жігіт қастарын жыйырып, жұмырығын түйді. Егерде мына қолдар залым князьдің сасық денесінен жібек шапанды сыпырып тастап, өрмекшіні жаншып өлтірсе, сөйтіп көкшіл-сұр қанатты көбелек — еңбек сүйгіш еңбекші еркін жүріп даланың барлық гүлінің тозаңы мен шырынын жыйнай берсе — қандай жақсы болар еді...

Дала шөптері мен гүлдерінің хош иісі аңқып тұр. Аспанда ақша бұлттар жүзеді. Тау беткейлерінде шу асаулар үйірі жайылып жүр, — алыстан жылқышы өңі естіледі. Ол өнді шығыс пен терістікке созылып жатқан көкбурыл тауға шейін кең жазық далада еркін өскен жел ғана жеткізіп тұр. Қамыстар сыбдырлап, тынымсыз шырылдауық шегірткелер шыр-шыр етеді, алыстан сары қорғандардың маңынан құстар сайрайды.

Жігіт шаршап шөпке қыйсайып жатып еді. Біреудің басқан аяғының дыбысы естілді, дәл құлағының тұсынан біреу қатты айқай салды.

— Ей сен, монгол бүргесі, бұл арада не істеп жүрсің?!

— Кәдімгі бүргеше секіремін де... шағамын...

— О! сенің тіліңнің өзі бүргедей ғой!

Төбенің үстінде маньчжурдың дозор солдаты тұр. Ол мылтығын қолына алып, шүріппесін тартты да:

— Аса құрметті князь Сен-сюдің солдаты өте мерген, ол тіпті бүргенің өзіне де тигізеді...— деді.

— Ай жарқыным, аса құрметті князь Сен-сюдің солдаты,— деді жас жігіт оған бұрылып та қарамастан, кекетіп,— мен тік тұрайын, сонда мұлт кетпессің.

— Ал, кәне, бүрге, түрегел де, сана: бір, екі, үш...

Жігіт ұшып тұрып, солдатқа мысықша атылды, оның қолындағы мылтығын жұлып алды да тізесін бүге беріп солдатты иығынан асыра бір-ақ лақтырды. Солдат суға барып шолп ете түсті. Жігіт мылтықты алып қамыстың арасына лақтырып тастады да ғайып болды.



...Даланы өрлеп керуен келеді. Жүк тиеген түйелер мен қашырлар қадамдарын кең алады, олардың жүрісіне шыйқылдақ арбаға жеккен өгіздер әрең еріп келеді. Баран ат мінген бастаушы алда келеді де, екі жақ қанаттағы екі солдат ілгері-кейінді шапқылап жолдан шыққан малдарды қуып, керуен көшін теңестіріп жүр.

Жігіт шөптің үстінде жербауырлай жорғалап, жолдың жанындағы бір ойпатқа келді де жатты. Басшы онымен қатарласа бергенде түрегеп отырды да, қалпағын жайды:

— Бай керуен иесі кедей бақташыға қайыр тастаса: күндіз-түні көшімен бірге бақыт еріп жүреді...— деді.

Жолаушы ат үстінен бұрылып жалт қарады да қоқырайған бас киіміне қолын апарды, әжімді жүзі жадырап қоя берді.

— Сухэ-Батор!

— Тсс...— деп жігіт ернін саусағымен басты.— Мен Сухэ-Батор емеспін, Гоминдар аулайтын қоянмын. Сенің керуенің беттеген жаққа барамын.

— Ақайыл түйенің соңынан келе жатқан тоғыз өгіздің айдаушысы бол.

Сухэ-Батор ойпатқа түсіп қайта жоғалды. Оның қасынан жүкті арбалар шыйқылдап, шайқатылып өтіп жатыр, бұрқылдақ қою шаң тұншықтырып барады. Керуен тізбегінің әлі шеті көрінер емес. Міне, ақайыл түйе, оның соңынан шабан өгіздер де келіп жетті.

Сухэ-Батор — айдаушы, қамшысын шартылдатып, алдыңғы өгізді жақсы айдап жүргізіп келеді.

Керуен құлдилап алқапқа түсті. Сухэ-Батор, шаршаған аяғын арбадан төмен салбыратып жіберіп артындағы қап-қатты жүкке сүйеніп, көзін жұмды, оның есінде қалған талай уақығалар алдынан жүзіп өтті.

Міне, оның қарт анасы Ханда. Ол ошақтың басында қонақтарына әңгіме айтып отыр. Оның үні нәзік, мейірімді... Бұл үнді ұмытуға бола ма?

— Бұл ертеде болған еді. Біздің үш баламыздың ішінде тұңғышымыз Дендып қана әйтеуір жөндемдеу киінетін. Ол біздің қаралашығымыздан алыстап жиі қаңғырып кететін. Байларға жалданып, суын тасып, тезегін теріп, қойын бағып жүретін. Қайда барса да ол өзінің соңынан қалдырмай біздің кенжеміз, күнге тотыққан, киімнен тұттай жалаңаш кішкентай сотқар Сухэні ертіп жүретін. Әлі есімде, Сухэ үйге, көбінесе, мұрнын жаралап немесе ісіріп келетін. Әкесі мысқылдай күліп:

— Тағы да төбелестіңдер ме? — деп сұрайтын.

— Күрестік,— деп Сухэ міңгірлеп жауап беретін.

— Сені Дамба тағы жығып кетті ме? Ол сенен күшті ме?

Сухэ ернін жымырып, үн-түнсіз тұрды да: «Ертең таңертең күреске түсеміз, Дамбаны алып ұрам» — деп ойлады.

Сухэ бала күнінде әуесқой болды, әрнәрсені бір сұрап мазаны алатын. Ал, әкесі болса, тұйық адам еді. Бір күні ол баласының

сұрақтарынан жалығып кетті. «Сен, шыбын сыяқтысың, Сухэ. Сенен қашып құтылуға болмайды»,— деді. Ал, баласы: «Қалайша шыбын сыяқтымын?» — деп сұрады. «Қойшы енді сен, Сухэ!» «Ә неге қоямын?» Осыдан соң әкесі Сухэге әуесқой бота туралы ертегі айтты. «Ертеде бір бура мен інген болыпты. Олардың төрт ботақаны бар екен. Бұларды айналадағының бәрі білсе керек. Бураны бауырындағы ақайыл белгісінен, інгенді бақырауық дауысынан, ал боталарын алтындай сарғыш шудасынан айырыпты. Ол кезде түйелердің өркеші болмаған екен: жылқылар сыяқты жоны тегіс болыпты. Көздері бақаның көзіндей бадырайған, ұзын сыйрақты, батыл ботаның бірі әрнені сұрап жұрттың мазасын алған соң, оны Әуесқой деп атап кетіпті. Бір күні ол түлкінің қасына жүгіріп барып: «Ей, мен танымайтын хайуан, айтшы маған, саған мынадай құйрықтың керегі не?» — деп сұрады. Түлкі: «Жүр, Әуесқой. Маған мұндай құйрықтың неге керегін саған көрсетейін» — деп жауап берді. Сөйтіп, жазық далаға шығып еді, оларды қасқырлар көріп қалды. «Ал, шатақ болды,— деді түлкі,— қасқырлар келеді! Қашайық!». «Қандай қасқырлар? Қайда қашамыз?» — деп сұрады Әуесқой. «Менің құйрығым қалай қарай қашса, солай қарай!» Түлкінің құйрығына еріп жүгіріп келе жатып, Әуесқой: «Мынау аңның құйрығы жақсы екен, менде де болар ма еді»... — деп ойлап келеді.

Қасқырлар жақындап қалды, түлкі құйрығын бір бұлғаң еткізді де ініне кіріп кетті, ал Әуесқой бар екпінімен келіп тасқа қатты соғылды, тіпті көзінен жас та ыршып кетті. Қасқырлар жетіп қалды. Сасқанынан Әуесқой тоқтай қалып еді, қарсы алдында аранын ашып қасқыр тұрды. Әуесқой тағзым етіп иілді де, қасқырдан: «Мен танымайтын хайуан, саған мұншама үлкен тіс неге керек?» — деп сұрады. «Сені жеу үшін!..» Әуесқой қорыққаннан дір-дір етті, қашпақшы болып еді, бірақ қасқыр аяғымен оны арқадан қатты соғып кеп жіберді. Ботаның арқасы таудай боп ісіп кетті. Міне, содан бері түйе өркешті болса керек». Сол күні Сухэ әкесінен енді ештеңе сұрамады.

... Балалық күндер сағымдай лезде-ақ жылжып өте шықты, бірақ Әуесқой бота жайындағы мәңгі ұмытылмас тамаша ертегі өмір бойы оның есінде қалыпты.

Енді албырт достары — өмірлік адал серіктері көз алдына келді. Олардың ішінде Чойбалсан бар. Ол қараторы, қалың қасты,

ақжарқын сұлу да қарулы. Сухэ-Баторға қолын созады, досы оны қатты қысып құшады. Сухэ-Батордың басы артжақтағы теңге тиіп, көзін ашып алды. Бірақ өткен уақыттар ойынан қетер емес. Көз алдына тағы да досы Чойбалсан келді. Екеуі қос қарагер айғырға мініп шауып жүр, тотыққан жүздерін ыстық жел шарпады. Бір дөңге жеткенде екі иінінен демалып қаратер болған аттарын тоқтатады. Қарғып түсіп аттарын бағанға байлады. Кішкене киіз үйдің іші ыстық, от лаулап жатыр. Қызу-қызу сөздер естіледі:

— Әрбір араттың үйіне бару керек. Халық көтерілсін! Қолдарына қару алсын! Жауларға өлім келсін!

Қызу сөздер бәсеңсиді.

Ол Чойбалсанның қолын қысып тұрып:

— Өзінің әлін білмей ұрысқа түскен әлек болады. Мұнымыз қасқырды қорқытпақ болған мақтаншақ қоянның ісіне ұқсамай ма? Жауды жеңу үшін солтүстіктегі ұлы көршімізден көмек сұрасақ қалай болады? — деді.

Чойбалсан басын изеді. Сухэ-Батор сөйлеп тұр:

— Біз бақыттымыз: араттар бізбен бірге.. Міне хат, монғол халқының тағдыры осының ішінде. Әр жолына үңіліп көр, араттардың қанымен жазылған. Араттар өздерінің туған Монғолиясын мейрімсіз, ашқарақ гоминдардан сақтап қалу үшін ұлы Лениннен көмек сұрайды. Жолда ешқандай азап мені қажыта алмайды, ешқандай жау мені ұстай алмайды,— деп ант етемін... Ант етемін, досым, ант етемін!..

... Міне, Сухэ-Батор өз әкесі Дамдиннің лашығында отыр. Әкесі қатты науқас. Сухэ-Батор әкесімен қоштасып тұрып:

— Әке, сізге деген борышымды өтеуді қанша арман етсем де, алдымда бұдан да қасиетті халық борышы тұр. Жат елдік зәбіршілердің барған сайын арсыздықпен бізді, біздің дінімізді басынуын көріп отыра алмаймын. Монғолдарға көмек керек, сондықтан ұлыңыз Сухэ-Батор Россияға аттануға бел байлап тұр...

Әкесі әрең дегенде басын көтерді де сыбырлап:

— Балам, мен жөнінде қам жеме. Мен сенің осындай болғаныңды көргеніме бақыттымын. Алған бетіңнен қайтпа...

(Соңы бар)

КОММУНИСТІК ПАРТИЯНЫҢ АЛҒЫСЫ

С. Кенжебаев

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары

«Ұшы-қыйырсыз мыйдай жазық дала. Төңіректе не бұта, не бір үй көрінбейді. Келгендердің бірі айнала қарап тұрды да:

— Қазық та жоқ, қақпа да жоқ,— деді. Сол кезде бір жас қыз:

— Олай емес, әне қараңыздар! — деді. Қыздың нұсқаған жағына жалт қарасақ, төбешіктің үстінде қазыққа бекітілген кішкене тақтайша тұр екен. Оған «Целинный совхозы» деген сөз жазылыпты. Арада бірнеше ай өтті. Бір кезде тақтайша тұрған жерде үлкен өзгерістер болды» — дейді Көкшетау облысы «Целинный» совхозының директоры, Социалистік Еңбек Ері Шеглеватых өзінің әңгімесінде.

Совхоз директоры айтқан жерге енді көз салсаңыз, одан бірнеше әсем үйлерді, түп-түзу, кең көшелерді көресіз. Совхозда асхана, магазин, аурухана, мектеп, жөндеу мастерскойлары салынды. Бұлардың барлығы — жас жұмысшылардың еңбегі.

Жастар тың жерлерге осындай игі істер үшін келген. Олар партияның шақыруымен ұлы іске аттанғанда алда зор қыйыншылықтардың барын сезді. Алыстан өздерінің қайын енесіне құймақ жеу үшін келмегенін олардың бәрі жақсы білді. Комсомолдық жолдама алған жастар Шығыс аудандарға қонаққа емес, тұрақты орнығып, тұрмыс құру үшін келді. Алғашқы кезде, әрине, оңай болған жоқ. Бәрін де өздері жасауға тура келді. Кездескен қыйыншылықтарды табандылықпен жеңе білді. Осының нәтижесінде, екі-ақ жылдың ішінде құлазыған кең далада әдемі совхоз поселкалары орнады. Соңғы екі жылдың ішінде 337 астық совхоздары, 26 МТС құрылды.

Тың игеруші жастар алғаш келген күннен бастап техниканы меңгерудің, тың жерлерді өңдеудің сырын біліп қана қоймай, құрылыс істерін өздері жүргізуіне тура келді. Бұрынғы токарьлар, слесарьлар, тоқымашы қыздар, тігіншілер, мекеме қызметшілері құрылыс жұмыстарын үйренді.

Көкшетау облысының «Симферопольский» совхозына қыстың аязды күндерінде бір топ жастар келді. Совхоз директоры мен партия ұйымдастырушысы олардың алдына жауынгерлік міндет — тас, қамыс, ағаш және басқа

құрылыс материалдарын дайындап, тасып жеткізуді тапсырды.

Нина Рыбакова, Вера Горох, Аня Шинкаренко басқарған бригадалар қамыс дайындады. Олар қар кешіп жүріп, қамыс орды, оны баулады. Қалада өскен қыздар бұрын мұндай жұмыспен шұғылданбаған еді. Суық желде қолдары жарылып, алғашқы кезде олар қамыс ора алмады, бірақ қыздар мойыған жоқ. Жолдастарының көмегімен жаңа жұмысқа үйренді.

Тың жерлерді игеру жолындағы күресте мыңдаған жас патриоттар аянбай еңбек етіп, данққа бөленді. Үш мыңға жуық қыздар мен жігіттер үздік еңбектері үшін ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Тың жерлерді игергені үшін» значогімен наградталды. Мыңдаған жас озаттар ВЛКСМ Орталық Комитетінің, Қазақстан ЛКСМ Орталық және облыстық комитеттерінің құрмет грамоталарымен, аудандық комсомол комитеттерінің мақтау қағаздарымен наградталды.

Жастар трактор бригадаларының Бүкілодақтық жарысында бірнеше жастар бригадасы озып шықты. Батыс Қазақстан облысы «Семиглавомар» МТС-ының Леонид Дануц басқарған, Қостанай облысындағы Жаркөл МТС-ның Иван Рудской басқарған жастар бригадаларының жұмысы бүкіл республикамызға әйгілі. Бұлар — тың жерді игеруге өз еріктерімен келгендер. Иван Рудской Қазақстанға Киев облысынан келді. Ол алғашқы келген күннен бастап комсомол-жастардан ұйымшыл да іскер коллектив құрды. Осының нәтижесінде тапсырылған жоспарды артығымен орындады, астықтан мол өнім алды.

Қажырлы еңбегі үшін Иван Рудскойға халық зор сенім білдірді. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Иван Рудской Қазақстан комсомолының VIII съезіне қатынасты. Съезд кезінде ол Қостанай облысының Силантьев МТС-ы комсомол жастары бригадасының бригадирі Галина Карловичпен социалистік жарысқа түсті. Съезде туған жарыс қыза түсуде. Қазір Иван Рудскойдың бригадасы трактор жөндеуді аяқтады, көктем егісіне әзір.

Тың игеру жастар үшін коммунистік тәрбиенің тамаша мектебі. Мұнда жастардың

адамгершілік қасиеті нағыз сыннан өтеді. Көптеген комсомолецтер ерлік істердің үлгісін көрсетті. Былтыр «Толбухинский» совхозына комсомолдық жолдамамен Николай Шабатура келген еді. Ол армия қатарынан қайтып оралған. Совхозда шофер болып істеп 200—300 километр жерден жүк тасыды.

...Өткен жылдың аяқ шені. Николай сапарға шықты. Жолшыбай қатты боран соқты. Машинада совхоздың партия ұйымдастырушысы Ислам Мәжитов та бар еді. Совхоз орталығына 10 километр қалғанда машина жүрмей олар жаяу тартты. Тізелерінен қарға батып, біраз жүрді. Қуаттары қайтып, әлдері азайды. Жасы бірталайға келген және денсаулығы нашарлау Мәжитов бұдан әрі жүруге жарамды. Бір жерде ол тұра қалып: «Балам Николай, менің жасым елуде, сен болсаң жассың, саған өмір сүру керек, сен өзің жөнел, мен мұнда қаламын. Жеке өзің жетесің, маған ерсең жолда өліп қаламыз» — деді. Бұған Николай көнбеді: «Солдат командирін қалай тастап кетпесе, әкені мен де ешуақытта тастап кете алмаймын» — деді. Сонымен Николай түн бойы белшесінен қарға батып, әлсіреген парторгты көтеріп алып жүрді. Таңертең олар поселкаға жетті. Комсомолец Шабатураның ерлігімен партия ұйымдастырушысының өмірі аман қалды.

Шабатура Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің грамотасымен наградталды.

Мұндай мысалдар аз емес. Партия мен мемлекеттің мүддесі әлі де талай батырлық пен ерлік істерді тудырады.

Жаңа жерлерге өзі тәрбиелеген жастарды жіберген комсомол ұйымдары оларды есінен шығармайды, олардың қуаныштарына да, сәтсіздіктеріне де ортақ болып отырады.

Жаңа совхоздарға хаттар, көптеген сыйлықтар келіп жатады. Олар — кітапханалар, радиоқабылдағыштар, спорт құралдары, үй бұйымдары, ағаш өңдейтін және слесарьлық аспап саймандары, мұқыят жабдықталған вагоншалар, жаңа поселкалардың ең кішкентай тұрғындарына арналған ойыншықтар. Мұның барлығы еңбек ерлеріне совет адамдарының сүйіспеншілігінің, құрметінің айқын белгісі.

Комсомолецтер мен жастарға Коммунистік партия шексіз қамқорлық жасап зор сенім көрсетеді. Отан үшін, халық игілігі үшін қажырлы еңбек етіп, Коммунистік партияның алғысын алғаннан ардақты не бар.



Бригадир В. Резанов пен А. Серікбаев жүгері егісінің шығымын қарап жүр. Алматы облысы, Рославль совхозы.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезінде жасаған өзінің баяндамасында Никита Сергеевич Хрущев жолдас: «Партияның шақыруына үн қосып, жаңа жерлерді игеруге белсене қатысып отырған барлық патриоттарға, комсомолецтер мен комсомолкаларға, агрономдарға, инженерлерге, техниктерге Совет Одағы Коммунистік Партиясының XX съезі атынан жалынды алғыс айтуға рұқсат етіңіздер. Олар өздерінің жанқиярлық еңбегімен бүкіл совет халқының сүйіспеншілігіне және құрметіне бөленді» — деді.

Коммунистік партияның XX съезі алтыншы бесжылдықтың аяғында астықтан 11 миллиард пұт өнім алуды міндеттеді. Мұнда Қазақстанның да үлесі зор. Өйткені, елімізде игерілген 30 миллион гектар тың жердің 18 миллион гектарға жуығы біздің республикамызда. Быйылғы жылы жалпы егіс көлемі 27 миллион гектарға жетеді.

Коммунистік партияның XX съезі алға қойған міндеттерді аброймен жүзеге асыруға республика комсомолецтері мен жастары елулі үлес қосады. Олар партияның алғысына іспен жауап береді.

Қыяспай

I

Қыяспай жайында қазіргі Абай ауданында, Семей, Жаңа Семей қаласында тұратын елде толып жатқан қызықты әңгімелер айтылады. Қыяспай әңгімесінің кейбіреуі Абайға қатынасып қалады. Қыяспай кейде бала сыяқты аңқау, кейде тапқыр күлдіргіш түрде бейнеленеді. Сондықтан да оның кейбір мінездері, істері ел аузында көп таралып аңызға айналған.

Қыяспайдың бала мінезді істерін Абай жақсы көреді екен. Қыяспайды ұқпайтындар: «Есуас», «жынды», «ессіз» деп нешестүрлі ат тағып оны кісі есебіне алмаса, Абай Қыяспайды қасына отырғызып, оның сөздерін қызықтап, рақаттанып күліп отырып тыңдайды екен.

Қыяспай бірде Абайдың үйіне кіріп келіпті. Басына киген қызыл елтірінің жүнін сыртына қаратып пұшпағынан байлап қойыпты. Абай оның басына қараса, Қыяспай:

— Абай аға, сені білгіш дейді, менің басыма кигенім ненің терісі, талшы,— депті. Абай күліп:

— Мен қайдан білейін, өзің айтпасаң,— депті.

Қыяспай:

— Бәлі, Абай аға, аң-таңның терісі емес пе,— депті. Абай көзінен жас аққанша күліп: «Қыяспай сенің үстіңе кигенің қызылсу, Жүрген жерің күнде ду.

Сараңның бермесін сұрамай аласың, Сенің сыртың аңқау, ішің қу»,— депті.

— Таптың, Абай аға, таптың,— деп Қыяспай басын изеп күліпті. Сонан кейін:

— Абай аға, маған мына қағазыңды, қарындашыңды берші, жазайын,— депті.

— Қыяс, жаза ғой,— деп Абай қағаз, қарындашын беріпті.

Қыяспай қағаздың бетіне иір-иір етіп шұбылтып шыймайлап шығыпты да:

— Абай аға, сені жеті жұрттың тілін біледі дейді. Мына жазуды оқышы,— депті.

Абай:

АҚЫЛҒӨП ТҮЛКІ

Түлкі қызып көп сөйледі көпіріп,
Кей жерінде қосып та алды өтірік.
Қоян байғұс аузын ашып манадан,
Тыңдай берді тағат қылып отырып.
— Жаным ашып саған айтар ақылым
Сәл нәрседен қорқа берме, пақырым.
Жүректі бол, керек болған жерінде,
Айбатыңмен ашуыңды шақырып.

— Әй, Қыяс-ай, мына жазғаның оқуға келмейді ғой,— деп күліпті.

— Әй, Абай аға-ай, сізді ел босқа мақтайды екен, бұл — айғыр тышқанның ізі емес пе,— депті.

Абай шексілесі қата күлген екен дейді.

II

Қыяспай сыбызғышы болыпты. Оның қонышында жүретін, ырғайдан ойып, өңешпен қаптаған сыбызғысы болады екен. Ол, ауылға келерде сыбызғы тартып, «Ерке атан», «Саймақтың сары өзені», «Тепенкөк» күйлерін безілдетеді екен.

Бір күні Қыяспай сыбызғысын тартып келе жатқанын Абай естіп, бір жігітке:

— Ана Қыясты шақыр,— депті.

Қыяспай келіп отырғаннан кейін Абай:

— Қыяспай, сені ақын дейді ғой, өлең айтшы,— депті. Қыяспай сыбызғысын ойнай, өзінше өлеңдетіп қоя беріпті.

Ақ сыйырдан туады жирен айғыр
Қойға қасқыр шабады шоқаң-шоқаң,
Көктен жауып келеді боталы інген,
Буынғаным беліме сексен арқан.

Абай көзінен жас аққанша күліп, өлеңін қайта айтқызыпты.

III

Қыяспай үлкен кісі болғаннан да, бала болғанды жақсы көріп, бір үйге келгенде сол үйдің кішкене баласымен ойнап, есін білмеген бала не істесе, ол да соны істейді екен.

Абайдың кішкене немересінің біреуі үйде ойнап отырса, Қыяспай соның қасына барып, баланың алдына «аға» деп еркелеп жата кетіпті. Абай шыдай алмай:

— Қыяс, осы сен қашан үлкен кісі боласың? — депті.

— Мен көктен боталы інген жауғанда үлкен кісі болам,— деп жауап беріпті.

Абай күліп жіберіпті.

С.Бегалин.

Деген кезде түлкі досы қоянға,
Қылаң етті бір тазы сол ояңда.
Көзі шалып, мұны түлкі жөнелді,
— Ешкімге ақыл айтпаспын,— деп,
— мен енді

Н. Жанаев.

Қызылорда облысы,
Шиели ауданы.

Жұмбақ көлеңке

Әңгіме

Жасы жетпістен асқанмен, күш-қайраты әлі өзінде, мығым денелі, кең жауырынды қарт бізге әңгімесін былай бастады:

— Мен 16 жасымнан бері бұл өңірді мекен етіп келемін. Бұл таулардың,— деді қарт, алты ай бойы басынан қар үзілмейтін Тарбағатайды нұсқап,— мынау көрінген Саршоқы, ана Долапқара, мынау Тазтауы, сонау Маңырақ пен Өкпет шоқылары, олардың әрбір сайы, әрбір жылғасы маған көптен мәлім...

Әлі есімде, менің жас шағым. Жанбол деген қарт аңшыға еріп, бір күні менің де бұл тауларды кезбесім бар ма. Ондағы көбіне көңіл бөліп ататынымыз аю, қасқыр сыяқты жыртқыш аңдар. Менің мұндай тәжірибелі аңшының қасына еріп, жыртқыш аңға оқ кеземек болған бірінші қадамым. Бірақ оларға қалай кездесу, қандай әдіс-айламен бару керек, бұл жері маған әлі тұмантын.

Қартым сөзге сараң, кісіге көп еміренбейтін, түсі де суық, жауатын күнше түнеріп жүретін, тұйық адам еді. Оның бұл мінезі жорығымыздың бірінші күні-ақ менің лепірген көңілімді көңілсіздендіре бастады. Өйткені менің де аң атуға құмарлығым күшті болатын: бұрын бәлендей көзге түсіп, ел аузына атым мәлім болмағанымен, ойдың үйрек, қазы, қырдың дуадақ, тырнасындық өнерім бар еді. Міне, соны ма мүмкіндік бермеді...

Жол-жөнекей атып алған бір құлжамыз бар. Сұрпы етін алып, басқа сүйек-саяғын тастап кеткенбіз. Қас қарайып, ымырт үйрілді. Қайда барамыз? Қайда түнейміз? Әлде жүре береміз бе? Бұл жері мені ойландырып келеді. Ал, жүру қыйындай берді. Көрмеген жердің ой-шұқыры көп болады дегендей жайсыздана бастадым. Мұны сезген қартым аздан соң биік бір шыңның түбіне келді де, аттан түсті.

Шың түбінен ағып жатқан бастау.

Мезгіл октябрь айының аяқ кезі.

Көптен түнеріп тіл қатпай келе жатқан қарт:

— Ал, бала! Аттардың аяғын тұсап, ерін ал да, қазаншаңа сыйғанша ет ас. Мен аз мызғап алайын, піскен кезде оятарсың— деді де, менен арқан бойы ұзап, жоталау бір белестің үстіне барып жатып қалды. Әмірін екі етуге болмайды. Айтқандарының бәрін істедім де, от жағатын жайлы орын іздеп жүріп, іші үй

сыяқты, төбесі төменірек салбырай келген, желге де, жауынға да пана боларлық шың түбінен орын таптым. Бұл жерден отын іздеп қыйналмайсың. Сексеуіл дейсің бе, қу тобылғы дейсің бе, әртүрлі отын құшақ-құшақ. Лезде жетерлік отын дайындап алдым.



Ай алакөлеңкелеу еді. Аздан соң ала шабыр бұлттар серпіліп, аспан әлемі мүлде айығып кетті. Жел аз, тымық түннің кіршіксіз таза ауасын жұтқан сайын денең сергіп, бойың жеңілдене түскендей.

Қартым ұйқыда. Мен де ешнәрседен алаңсыз өз жұмысыммен шұғылдандудамын. Желсіз түнгі от қандай! Жас шыршалар жанған сайын ұшқындап, лаулай түседі. Анда-санда аттардың пысқырған дыбысы болмаса, түн тыныштығын мазалайтын бұл маңда ешбір дыбыс сезілмейді. Жанған отты үсті-үстіне қағыстырып, әлсін-әлсін көсеп қоямын. Оқта-текте қартыма көз қыйығын тастаймын. Бірақ оятуға, неге екенін білмеймін, батылым жетпейді. Мезгілді уақытында өзі де тұрмас па екен деген ой мені қарт қасына барып, оятудан қаға береді.

Кенет, қарт жаққа тағы бір көз тастап едім, оның өзіме бет алғанын көлеңкесінен көріп, қуанып кеттім. Бірақ бұл қуанышым ұзаққа бармады. Қарттың ісі мені ойға қалдырды. Оның көлеңкесі маған жақындап-жақындап келеді де, қайтадан кейін жылжып кетеді. Мұнысы несі? Мен мойынымды солай қарай соза түстім. Міне, қызық! Қарт дегенім тіпті адам емес, басқа бірдеңе сияқты... Өз қартым әлі, сол бұрынғы орынша, ұйқтап жатыр. Денем тітіркеніп, жүрегім суылдай бастады.

Қарыс жер аттаудың өзі қыйынға соқты. «Бұл кім? Қыйын шатқал, биік жартас... Әлде біз сияқты бұл тауды паналаған біреу ме? Сонда бұл уақыт адам жүрер мезгіл ме? Әлде біз сияқтыларды тонап, ат-тонын алып кәніккен қарақшылар болса қайттік? Атымыз қайда? Әлгі бір кезде пысқырынып, дыбыс бергендей болып еді ғой! Енді неге тым-тырыс?! Қартым мұны сезіп, өз басын қорғап қалудың қамын ойлап, әдейі жатқан жоқ па?.. Сонда мен бе үрейлі қорқыныштың жолына көлденең ұстары?..»

Міне, осы ойлар бірнеше секунд ішінде мені мазасыздандырып, ой жемісі ұшығынан шықпады. Мен әлі сол орында бағып тұрмын. Байқаймын белгісіз жауым от жарығынан еркін көріп, мені абайлап тұрғанға ұқсайды. Менен ол жоғарыда тұруы керек. Өйткені көлеңкенің алдыма еркін түсуі мені еріксіз сол ойға апарды...

Бір кезде көлеңке тағы қозғалды. Қарасы қашықта. Әлденелерді қапсыра құшақтап, жаңағы көрінген жеріне қайта келді де, тағы кейінірек шегінді. Оның кейін кетуін бағып тұрған маған қарт қасына барып, тіл қатуыма мүмкіндік берді.

— Жәке, Жәке!

— Oh-O! Oh!

— Жәке! Ақырын! Бізді бағып, ізімізге түсушілер бар екен,— дегенімше болмай-ақ, көлеңке қайта пайда болды. Қартым да басын сергек жұлып алды да:

— Әкел мылтықты! Мен тартып қалғанда, сен де еңірет артымнан,— деді сасқалақтап.

Тізе бүгіп, қартпен қатарласа мен де отыра қалдым. Тауды жаңғырта мылтық гүрс етті. Қартыма ілесе, мен де атып қалдым.

Баж еткен ащы дауыс шықты. Бұл не?..

* * *

Қартымның жүзінен я абыржу, я қуаныш сезілмейді. Тұңғыйық терең ой үстіндегі адамды аңғартады. Ол аяғын жайлап басып, қазан басына келді. Бар айтқаны:

— Бала, етің піскен шығар, енді түсірсеңші!,— деді.

Менің көңілім әлі орныққан жоқ.

Мылтық не үшін атылды? Кімге кезеп оқ аттық? Сонымен дұшпанымыз тынышталды ма? Қартым онда жұмысы жоқ адамдай. Ернеуінен тесіп, қанжығаға байлап алған қара астауға асылған етті салып алдына қойып ем, асықпай жей бастады. Анда-санда маған же дегендей бір қарап қояды. Менің тамағымнан ет тұрғай, сорпа өтер емес. Бұл жерге келуге



мені желіктірген қандай күш екен деп те өкінемін.

Ет те желініп болды. Біз әлі үнсізбіз. Аздан соң қартым от жағылған үңгірдің ішіне кеп жатты да, ұйқыға кірісті. Менің көзім ілінер емес.

...Түн көрпесі серпіліп, шығыс жақ қылаң тартты. Бой жазылып, қыспақтан босағандай, менің де денем сергіп, көңілім жай тапты.

Қартым да бұл жолы көп жатпай, сергек оянды.

— Бала,— деді ол,— шәугіміңді іле ғой!..

Түнгі мылтықтың атылуы, ербиген көлеңкенің сыры қашан сөз болмақ?

Ол шайды ұзақ тартты, аузына дән салмай тартты. Бір мезгілде ол:

— Кәне, жүрші бала, сенің де көңілің көншісін! Азулы жыртқыштың көзін жоюда қосқан үлесіңнің куәсындай атқан оғыңның ізін шалайық,— деп мені өз артынан қоса ілестірді.

Оның тауға жүру ептілігі мені осы уақытқа дейін таңдандырады. Жай жүргенде сылбыр, баяу, ал, биікке көтерілгенде оның табаны тастан-тасқа дік түседі, аяғын ілмейді.

— Көп ұзамасқа керек еді ғой, бағдарлап қарашы! Байқайсың ба, ұйып-ұйып түскен қанды,— деді басқан сайын қан жатқан із белгісін көрсетіп. Сөйткенше болмай-ақ үш имек құс ербең етті. Жұмбақ көлеңке туралы ой түйіні сонда шешілді. Сабалақ жүнді сары аю қанға боялып жатыр.

Міне, сол кісінің сабырлылығы, оның құралайдың көзінен өткізетін мергендігі менің әлі күнге есімнен кетпейді,— деді біздің қарт. Содан кейін әңгімесін қайта жалғап кетті.

— Мені, әсіресе, таңдандырған аюдың

адамға деген қастандық әрекеті. Оның атылған жерін барып көргенімізде, қазандай-қазандай жеті тас қатар-қатар тізіліп қойылыпты. Мұны аңғарып бағдарласақ, от жарығына төніп келген аю, үңгірде отырған мені көрмейді де, анадай жерде жатқан менің қартымды көріп, биікте тұрып, таспен ұрып өлтірмекші болыпты. Сөйтіп өзінің айналасына тас үйіпті. Оның көлеңкесінің маған бірде жақын, бірде алыс көрінуінің де сыры сонда ұғылды. Егер қартым жылдамдық жасамаса, оны таспен ұрып жіберу нысанасына алған кезі екен...

Қарт сәл кідіріп қалды.

— Міне, балалар, бұл аңшылық дегенде сондай да оқыйғалар болады... Жарайды, әңгімеміз осымен бітсін, бізді әлгі алты қабан қамаған оқыйғаны айтсам, көздерің бұдан да жаман бақыраятын түрі бар,— деп қарт бір күліп қойды.

— Айтыңызшы, ата,— деп балалар ынтыға шулап кетті.

— Жоқ, жоқ, кейін айтамын...

* * *

Біздің әңгіме етіп отырған аңшымыз Базар Омаров Ақсуат ауданына қарасты Жданов атындағы колхоздың қарт аңшысы. Ол аудан орталығынан ұйымдастырылған аңшылар тобын басқарады. Оның бай тәжірибесі, басынан кешірген аңшылық өмірі басқа аңшыларды қызықтырып, аңшылық мектептен өткізгендей әсерлендіреді. Тек, соңғы бірер жетінің ішінде ғана оның үш қасқыр, бес түлкі атқанын айтсақ та жеткілікті.

Қ. Оразалин.

Ақсуат ауданы.

ШАБЫТ

Зейн Шашкин.

1. «ЗАМАН» КҮЙІ

Әнші, күйші, сері Сейтек аралдан қашып шықты. Домбырасын тастамай, қолтығына қыса шықты. Жүрек кернеп, ерік билеген арман шегіне жеткен тәрізді.

Салды теңізге итеріп жіберіп, Сейтектің өзі ең соңында отырды. Алдыңғы ескекті ұстаған сары орыс Василий Янконың дауысын құлағы шалды: «Қош, Барсакелмес!»... Ол үнде хауіп те, үміт те бар еді.

Сейтек алдына көз жіберді: мелшиген мылқау мұхит. Түпсіз тұңғйық. Аспан мен дария тұтасқан бір-бірінен айырғысыз, ұқсас, құдды аспан айналып суға түскендей.

Толқынға түскен жаңқадай, сал лезде теңіз қатпарында жоқ болды.

«Я, сәт! — деді ішінен Сейтек. Өңі бұзылып, қоңырқай беті бозара қалды. Ендігі серт — туған елге жету. Зұлымдық, қыянат жасап, «Барсакелмес» аралына жіберген жерден тірі қайту; байтақ далада тосқан сұ-

лу жарын, кәрі анасын құшу; туған елде күй шабытын шарықтатып, тағы да шыңға сермеу, жүректегі зар боп қатқан қайғыны күйге салып, халыққа тарту, жазықсыз жазалау әділетсіз заманның құралы екенін аңғарту. Барлық бойдағы қуат, тілек, сезім соған саяды...

Қашқындар бір күн, екі күн... толқынмен ақты. Азық таусылды: қуат азайды. Хауіп күшейді.

Әттең дүние, үйренген қыр үсті болар ма еді! Ең құрымағанда, дөң басына шығып, қол бұлғаса біреу көрер еді. Мынау түнерген

қатпарланып, жыйырылып, сусып кейін сырғыйды. Дәу лебіндей жел есіп, толқындар аспанға шыйыршық атады. Кейде дәу қолын аспанға созып, толқын — саусақтарымен бұлттарға жармасқандай. Сол толқын арасынан ақ жібек, қос етек көйлек киген ғашық жары Урзада пайда болып, Сейтектің көз алдынан кетпейді. Елестейді. Жұқа еріні күлімдеп, қара қасы қыйылып «Келші!» деп тұрғандай. «Қарашаш» күйіндегі берілген уәдеңді ұмытқан жоқпын деген сыяқты.

Сейтек серіктері де күйді ұйып тыңдай қалыпты. Олар да апшыны қуырған теңіз хауіпін ұмытыпты. Күйге елтіпті. Әне, Василийдің көзінен де бір тамшы жас теңіз суына тамып кетті. О да айдауда өксіп өткен өмірін жоқтайды, әділетсіз патша заманына нәлет айтады...



теңізде, ең ақыры, ұшқан құс та көрінбейді. Төңірек түнектей, тірліктен хабарсыз сыяқты... Сейтек алдында отырған Янкоға қарады: оның жүзін жел қаққан: еріні кезерген, көзі үңірейген. Ол бар пәрменімен ескекке жармасып, тістеніп отыр. Ауып кете ме деген хауіпі күшті. Оның қасында біреу жылап жатыр. Анда-санда өксиді, үһлейді. Аштық азабы ма, жоқ толқын зардабы ма?..

Бір кезде айнала бозарып, тұман серпіліп, көз ұшында ноқаттай бірдеме қарауытты. Жаға ма? Үміт жағасы ма? Па, шіркін!.. Бұл өмір үміті емес пе?!

Сейтек шыдамады, қолтығынан кішкене домбырасын жұлып алды. Он саусағы безектеп, домбыра бебеу қақты.

... Оның күйінен: ұшы-қыйыры жоқ мылқау теңіз астында сұлап жатқан дәу бейнесі елестейді. Кейде, ол ұйқылы-ояу ыңырсып, үстіндегі хәк көрпесін серпиді, теңіз беті

Сейтек күйі үзіліп, сыбырлай талып, қайта шалқыды. Домбыра тағы да безектеп сарнай жөнелді.

Теңіз бетінде құйындай ұйтқыған толқын арасынан кеудесін ашып, емшегін идірген анасы Бәтима жылап құшағын жаяды... Әлден уақытта оның да бейнесі ғайып боп, күй желісі өзгереді, заматта қара түнек жоғалып, үміт жиегінен күн шығады... Бұл «Заман» күйі еді.

Осы кезде:

— Әне жиек! — деп шулап жіберді қашқындар. Сейтек бөркін жұлып алып, домбыраға сүйеніп, сонау жиекке тесіле қарады. Арман осы еді. Оның қоңырқай жүзі жадырады, бадырайған томпақ көзінде құбылған бейнет, қайғы, жалғыздық көлеңкесін қуаныш сәулесі басты. Алыста, таң сәулесі астында, теңіз жағасында қарайған нұсқа азаттық белгісі еді.

2 ӘННІҢ ТУУЫ.

Майра тағы да үлкен айнаның алдына келді. Аржағынан ұзын бойлы, сымбатты, бойы тіп-тік, қарасұр әйел танымаған пішінмен оған қарсы жүрді. Өткір қоңыр көзінде толқыма ой, көңілін көншітпеген тілектің оты жарқырайды. Жұқа еріндері Майраны кекеп, мысқылдаған тәрізді.

Майра бір қадам жақындап еді, анау да бір қадам ілгері басты. Бетінің тарғақ секпілі де айқын көрінді. Сыйқырлы қыйғаш қастары құбылып рухты жүзінде күлкі ойнады.

Майра сақылдап тұрып күлді. Өзін-өзі жаңа таныды.

Майраның тынышсызданып, дел-сал болғанына, міне, біраз күн. Неге екенін өзі де түсінбейді. Ойын-жыйынсыз отыра алмауға айналды. Кеудесі толып, қыялы шарықтап, қызу ду-думанды, сәнді ән-күйді, салтанатты сауық кешті іздейтінді шығарды. Әсіресе, қылыштай шақыр-шұқыр айқасқан шешен сөздер, көңілді дуылдататын әндер есіне түскенде елегізіп балқыйтын. Бұл — осы қыста пайда болған әдет. Той-жыйынға көп түсіп әнді машықтап атақ алған Майра өзіне тыңдаушы халық пен сахна сыяқты орын іздеді.

Осы соңғы кезде тіпті жүдеп те кетті. Бірақ оны Майра сезбейді. Тұңғыйық ойдағы Майра қою қара шашын тарқатып, қайта өреді. Салалы, ұзын саусақтары гармонь пернесін басқандай безектеп, бұрым арасына сүңгіп кетеді...

Көмейінде танымайтын бір жол әннің әуезі тұр. Әуелі баяу, толқып басталып, артынан жеделдетіп, бебеу қағып, лепіртіп әкетеді. Кешеден бері сүйікті кісінің есіміндей құлағынан кетпей, тілінің ұшына қайта-қайта орала берді. Әбден әуре боп бітті. Есіне қайдан түскенін Майраның өзі де білмейді.

Міне, бүкіл Кереку қаласы клубта сауық кеш өткізуге дайындалғалы үш күн болды. Одан түскен қаражат батыстағы әлі аяқталмаған азамат соғысының ерлеріне көмекке жіберілмек. Дайындықты басқарған қазақтың сол кездегі бір ақыны еді. Керекудің орта көшелерін жайлаған татар саудагерлерінің балалары да, затонның жұмыскерлері де, жатақтың қазақтары да бұл іске білек түре араласқан.

«Ертіс жиегіндегі қызыл кірпішті зәулім үйде үш күндей репетиция жүрді» — дегенді Майра естіп жатты, бірақ, оны ешкім шақырмады. Майра тосты. Дәл сауық кеші ашыла-

тын күні шақырмақ шығар деген ойға кеп, сол сағатты да күтті ол.

Қазір сағат алты. Жазғы, ұзақ күн сонау өзен жиегіндегі орман үстіне төнді. Ертістің көк мөлдір суы да қызғылт нұрға боялып, теңбіл-теңбіл болып тұнып тұр...

Майра кеп терезені ашты. Көше жымжырт. Біреудің сылп-сылп басқан қалжыраңқы қадамының дыбысы алыстан естіледі. Мүмкін осы болар шақыруға келе жатқан...

«...Қызы едім мен Уәлидің атым Майра...» деген бір жол өлең манағы әнге қабысып, қорғасындай құйыла қалды. Майра екінші жолын іздеді:

«...Қызыл тілім сайра...»

сөйтіп отырғанда сағат сегіз де болды. Сауық кеші басталатын уақыт та жетті. Майраны кеп шақырған ешкім жоқ.

Бұдан әрі ол тоса алмады. Кровать үстіндегі гармонь қолтығына қыса, үйден шықты.

Майра клубқа келсе, үлкен зал лық толы халық. Сауық басталған. Сахнада үлде мен бүлде киген аққұба, талдырмаш татар қызы. Ән салудың орнына, ол тамағын жыртып шыңғырып тұр екен. Бұл — саудагер Бағауидтеннің қызы Мунира. Керекудің еркесі де, сұлуы да, байы да, Майраның бірінші жауы да осы. Соңғы жылдары Майраның үстінен өсек таратып, кесе-көлденең кескектеп жүргеннің бірі. Бүгінгі сауық кешіне шақыртпаған да сол екендігіне енді Майраның шүбәсі болмады.

Майра жыйылған халық арасымен жүріп отырып, алдыңғы қатарға келді. Біреу орнын ұсынды.

Жан-жақтан:

— Майра!

— Майра келді,— деген сыбыс залды қуалап, сахнада тұрған әнші қызға да жеткен секілді. Оның түсі қуарып шіңкілдек дауысы діріл қақты:

Сандуғашлар сайри...

— Сандуғашша емес, көкекше айғайлайсың, перизатым! — деді Майра маңайындағы жұртқа естірте. Біреулері мырс етті, тағы біреулері жымыйып жан-жағын қарап, қозғалып қойды.

Қыз әнін аяқтамай-ақ залдан бірнеше дауыс Майраны сахнаға шақырды. Басқарушы жігіт үндемеді, сахнаға жатақтың домбырашы жігітін шығарды.

Халық оған да риза бола қойған жоқ, тағы да Майраны тіледі. Бұл жолы қол шапалақтау айғай, жер текпілеу, ысқыру бәрі де

ОРЫС МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ

- Жыртуға жерді ерінген
Қалады құр егіннен.
Қасқырды сұрлығы үшін емес,
ұрлығы үшін соғады.
Мыңның қамын бір ойласа,
Бірдің қамын мың ойлар.
Сыйырдың сүті — тілінде.
Шана қазанда,
Қамыт базарда тұрғанда
Сасатуғын несі бар?
Бастаған істі аяқсыз тастамас
болар.
Ашу бар жерде, аяу бар.
Бүгіннен ертең игі.
Жіптің ұзыны, сөздің қысқасы
жақсы.
Түбі жоқ ыдыс толмас.
Өзіңді мақтама,
Досыңды даттама.
Жатқан жарымас.
Еркелеткенді ит те біледі.
Жақсы зат өзін-өзі мақтар болар.
Шындық отқа күймейді, суға
батпайды.
Бір кун ерте ексең,
Бір апта ерте орасың.
Мылжыңның бәрі мақтаншақ
келеді.
Сыр ашқан — опасыз.
Ережесіз ойын болмас.
Кәрі ұры жас ұрыға сенбейді.
Мысыққа күнде той бола бермес.
Қап түбінде біз жатпас.
Шындық көзге шұқыйды.
Батылға бақыт серік.
Монша тәнді сауықтырады,
Жақсы лебіз жанды сауықтырады.
Білімнен асар байлық жоқ.*



қосылып, үдеп кетті. Зал у-шу, ыю-қыю. Басқарушы жігіт сахнаға шығып, қолын көтеріп тоқтатпақшы болып еді, халық тыңдамады, Майраны сұрап отырып алды.

Халық тілегі темірдей қызған кезде, Майра орнынан ұшып тұрды. Өңі сұп-сұр, үлкен көздері жарқ-жұрқ етеді. Сахнаға оқ жыландай атып шықты. Бір құлағынан асығыс ұсталған гармонь, дың етіп созылып жер құшты. Оған көңіл бөлген Майра жоқ, сүйрете жөнелді. Жұрт ду қол шапалақтады да кенет тынды. Майра түрегеп тұрып, көптен тынышын алған әнін бірінші рет ойнай жөнелді. Қызу, лепірме, жан тербететін ән тыңдаушылардың еркін алып, ойын билеп әкетті.

Рухты көңілден егіліп туған шабытты ән сазы өзінен өзі түйдектеліп шығып, үйлесіп сезімді тербетті. Үш қайырмадан кейін Майра әндеткен қалпымен сахнадан түсіп, тура шығар есікке беталды. Халық дүр етіп көтеріліп, соңынан бірге жөнелді.

Майра әнінің соңын көшеде аяқтады. Қазақ, татар жастары қоршап ап «Красная зорь» көшесімен Майраны үйіне дейін шығарып салды.

«Майра» әні осылай туып еді...

АЛТЫН ЖҰЛДЫЗДЫ ОТРЯД ВОЖАТЫЙЫМЕН КЕЗДЕСУ



МОСКВА. Орталық комсомол мектебінің үш қабат зәулім үйінің алдында тұрмыз. Аға пионер вожатыйлардың бүкілодақтық конференциясы ашылуға біраз уақыт қалған. Дәл осы кезде аяғын асыға басып, қасымыздан жанаса өткен орта бойлы, кара торы жігітті көргенде, арамызда айтылып тұрған әңгіме арқауы бірден үзілді. Тағы да өткен күнгі таласымызға еріксіз ауыстық.

— Сол кешегі жігіт,— деді қасымыздағы жолдастардың бірі, оның сырт жағынан қала карап.

— Нақ соның өзі,— дедік барлығымыз да.

Бұдан бір күн бұрын Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болғанымыз барды. Сонда осы жігітті жас өспірімдер павильонында кездестірген едік. Ең алғашқы таласымыз да сол жерден басталған болатын.

Жаңағы жігіттің жасы жыйырма бестер шамасында, үстінде кара бастон костюмы бар, қала салтымен сыпайы киінген. Омырауында Социалистік Еңбек Ерінің белгісі — алтын жұлдыз, онымен қоса, екі Ленин ордені жарқырап тұрады. Реңіне қарағанда Закавказья елдерінің бірінен келген болуы керек деп шамаладық. Бізді «дауластырған» оның бұл белгілері емес, мәселенің басқа бір жағы болатын. Көруші көпшілікті тандандырған оның мойнындағы пионер галстугі еді. Мойнына пионердің қызыл галстугін таққан, екі Ленин орденді, Социалистік Еңбек Ерін қандай қызмет атқарады,— деп жобалауға болады? Ондай адамды өзімен сөйлеспей, пәлен орында деп айтудың өзі де қыйын ғой.

Әрине, сырттай түрліше тон пішушілік деген болады ғой. Біріміз пионер вожатыйы десек, екіншіміз оған келіспедік.

Танымайтын кісіге барып: «Сен қайда, кім болып істейсің?» — деп бірден жөн сұрауды қолайсыз көргендіктен, бұл мәселе өткен күні біз үшін жұмбақ болып қалған еді.

Сол жігітті енді конференцияда кездестіргендіктен де, ол жайындағы жұмбағымыз шешілетін сыяқты болып сезілді.

Мерзімді уақыт болып қалғандықтан, тезірек залға барып орналаса бастадық. Әлі де болса: «Қай жерлік, ол істейтін мектептің пионер жұмысы қалай?» — деген сыяқты сұрақтар көкейімізде қала берді...

* * *



БАЯНДАМА бітті. Жарқын ой, жаңа дауыстар конференция трибунасында бірінен соң бірі алма кезек ауысып жатты. Отанымыздың барлық түкпірінен келген делегаттар өздерінің ой, тілектерін ортаға салып, пионер ұйымдарының жұмыстарына талдау жасала бастады.

Міне, қызық! Сөз бір кезде бағанағы бізге таныс жігітке берілді. Президиумның бірінші қатарынан тез қозғалып, трибунаға жеткенде, оны делегаттар ду қол шапалақтаумен қарсы алды.

Ол өзінің сөзін бүгінгі күннің белеңді бір мәселесіне арнады. Оқушы жеткіншектерді ерлік еңбекке баулудың негізгі тәсілдеріне тоқтады. Мектеп пен өндіріс орындарының байланысын нақтылы мысалдармен қызықты дәлелдеді.

— Мектеп оқушыларымен бірінші достығым бұдан бес жыл бұрын, мен басқаратын жастар бригадасына хауіпті қыйыншылық төнген күннен басталған болатын. Арамыздағы сол достық қарым-қатынас содан бері қалындай түсуде,— деп бастады Рачик Закоян алғашқы сөзін.

Жастар бригадасына төтеннен төнген қандай қыйыншылық, оны жеңу үшін оқушылардың көрсеткен көмегі қайсы? Біздің ендігі білгіміз келгені осы.

...Бригада өмірі хауіпте. Радио хабарына қарағанда, екі күннен кейін аязды суық соққалы тұр. Бұл қысылшаң жағдай бригада мүшелерін қатты қыйнаған. Маңдай терін төгіп, жаз бойы мәпелеп өсірген темекіні суыққа ұрғызса, одан маскара не бар?

Мұны сезген мектеп оқушылары аға пионер вожатыйдың басшылығымен бұларға көмекке келген. Сөйтіп, қатерде қалған темекі жапырақтарын үсікке ұрғызбай, шы-

ғынға ұшыратпай, уақытында жыйнап алуға жәрдемдескен. Сол жылы темекіден мол өнім алып, ірі көрсеткішке жеткендігі үшін Рачик екінші рет жоғары наградаға ие болған.

Рачик осындай қуаныш үстінде аудандық комсомол комитетіне арыз жазып, өзі тұрған Нар-Баязет селосындағы орта мектепке отряд вожатый етіп жіберуді өтінген. Рачиктің бұл тілегі қабылданып, 3-класқа отряд вожатыйы болып белгіленген.

Отряд вожатыйы Рачик Закоянның соңғы бес жыл ішіндегі көптеген уақыты пионерлермен бірге, Сева тауының басында, мөлдір сулы өзен жағасында, егістік жерлерде өткен.

Оқушылардың колхоз даласындағы қажырлы еңбегі жөнінде ол мынандай бір әсерлі жайды ескертті.

— Бұрын-соңды біздің жерімізде помидор, қыяр сыяқты овощ жемістері және жүгері егіліп көрген емес. Жергілікті халықтың пікірінше, ондай өсімдіктерді өсіру мүмкін емес деп есептелініп келген. Ол ұғымның шындықтан шет, өмірден алыс жатқандығын біздің пионерлердің іс тәжірибесі көрсетті. Оқушылардың өз тілегі бойынша оларға бригададан жарты гектар тәжірибе участогі бөлініп берілді. Олар соған түрлі дақылдар егіп, тәжірибе жасады.

Егер агротехникалық ережеге сай, уақытылы дұрыс күтім жасалса, біздің жерде де өспейтін дақыл жоқ екен, оған көзіміз жетті. Пионерлердің бастамасымен, қазір біздің ауданның да қолхоздары жүгері егетін болды. Отряд мүшелерінің бірқатары быйыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатынасты.

Закоян сөзінде «Менің басшылығыммен ананы ұйттік, мынаны бүйттік» — деп мақтаншылық білдірмеді. Отрядта жүргізілген жұмыстардың кейбіреулерін ғана қарапайым тілмен жай баяндап берді. Бірақ, ойлап қараған адамға осы бағалы бастамалардың барлығында да Закоянның жетекшілік қызметі, еңбегі зор еді.

Закоян трибунадан түсе бергенде:

— Қап, колхозда өзінің атымен байланысты өзен бар деп естіп ек, ол мәселені мынау қозғамай кетті-ау, — деп қасымыздағы делегаттардың бірқатары өкініш білдіріп қалды.

Сұрап қарасақ, ондай өзеннің барлығы да, оның Рачик атымен аталатындығы да рас болып шықты. Севан тауынан басталып се-

лоның ортасын басып өтетін өзенде бұрын балық болмаған. Рачик Закоянның басқаруымен пионерлер онда қазір балық өсірген. Сол үшін де село тұрғындары өзенді Рачик есімімен атап кеткен.

Біз кейіннен Закоянмен көптен таныс кісідей ұғысып, тіпті достасып кеттік. Ол Қазақстан жайындағы әңгімелерді зейін қоя, құмарта тыңдады. Сонымен қатар Армения елінің жай-жағдайын айтты. Өз өмірі, өсу жолы сөз болды. Ол онжылдықты бітірген соң, өз тілегі бойынша, туған колхозында қызметте қалыпты. Бірақ, оқуды тоқтатпаған. Ауылшаруашылық институтында сырттан оқыйды, быйыл бітірмек.

* * *



Ең көшемен қатар жүріп келеміз. Москва көшелерінде халықтың көп болатындығы белгілі ғой. Сол халықтың кейбіреутері бұл жолы бізге әдеттегіден гөрі көбірек көз салды. Жасы егде тартып қалған бір қария кісі қасымызға келіп:

— Әлі пионермісің, қарағым? Сенің мына қызыл галстугіңе мен түсінбей тұрмын, — деді Закоянға мысқылсыз адал оймен.


— Ата, мен пионермін және де жас пионерлердің ең жақын ақылшы досыммын. Сондықтан да бұл қызыл галстукті тастауға тиісті емеспін, — деді Закоян.

Мүсәлім Қожықов.

ЖАСТЫҚ ШАҚ, СІРӘ, ЖОҒАЛМАС

Санап аяқ басуын,
Шал келеді бүкжіп,
Жоғалтқандай асылың,
Төмен қарап құнжыйып.
— Ата, — деді бір бала, —
Қарап жүрсіз қандай зат?
Қарт күлді де қулана:
— Таптырмайды ондай зат.
Іздегенім, қарағым,
Жастық шағым оралмас.
— Ата, босқа қарадың,
Менмін ғой ол жоғалмас.

Қ. Мұқышев.



ТЫҢДАҒЫ ЖАС ШЕБЕРЛЕР

Балалар үйінде тәрбиеленуші балғын жеткіншектер бұл күндері зор ынтамен әзірліктер жүргізіп жатты. Жас балалар әрбір экспонатты жәшіктерге ұқыпты түрде салумен болды. Бұлар өздерінің бір жылғы еңбегінің нәтижесін облыстық ауылшаруашылық көрмесіне көрсетуге тиіс. Бұл—зор аброй және үлкен жауапты іс. Бұлардың барлығы да өздерінің игі еңбегінің жемісін көрушілерге жақсылап көрсету керек екендігін жақсы ұғады. Огород жұмысымен жан аямай шұғылданғанымыз жұртшылыққа айқын көрінсе екен деген сезім балалардың бойын әбден билеген.

Қар кетіп көктем шығысымен Антоша Ваня мен Сережаны ертіп алып, бөлмеде оңаша әңгімелесті.

— Бізге жерді ешкім де жыртып бермейді,— деді ол достарына,— тек біз де өз күшімізге сүйенуіміз керек. Қар ерісімен, қолға күрек алып, участокті жырта бастаймыз.

Бір күні достарына Коля Бугров та қосылды. Онымен бірге звеноның мүшелері—ағайынды Володя мен Ваня Стацыниндер келді. Бұл балалар да еңбекке ынталы, жаңалыққа құштар-ақ.

— Жарысқа түсейік! — деді бұларды көріп Коля.— Сендер, әрине, жүгері егесіңдер, ал біз болсақ картоп отырғызамыз. Мейлі, жарыстың нәтижесін бәрі бір өнім көрсетеді, әлгі біздің тәрбиешіміз айтқандай, мол өнім жарыстың нәтижесін өлшейтін таразы ғой.

Участокте жұмыс істеуге Катя Евсееваның, Гера Рейнстің және өзгелерінің звенолары әзірленіп жатты. Барлық звеноның саны он сегіз, олардың әрқайсысында үш бала жұмыс істеді. Әзірлік үстінде бұлар агроном Александр Карлович Клибикс басқарған агротехникалық курстан алған білімдерін тағы да қайталап, тексеріп шықты.

— Ең бастысы — әр іске жіті қарап табанды жұмыс істей біліңдер,— деп үйреткенді ол.— Жаңалықтар іздеу жолында ірі табыстарға жетуге болады. Ал, батыл ой, мақсатқа жету жолында ерінбей еңбектену сендердің болашаққа пайдалы қызмет істеулеріңе жәрдемдеседі. Сонда сендер өз беттеріңше еңбектене алатын боласыздар.

Балалар үйінде тәрбиеленушілер сабаққа ықласпен уақтында қатысып отырды. Бүкіл 58 оқушының зор ынтамен оқуына Александр Карловичтың сабақты жақсы үйретуі де үлкен әсер етті. Ол егіншілік ғылымын совет адамдарының тамаша еңбектерімен толықтыра отырып оқытты. Балалар жерді ұқсатудың әрқыйлы тәсілдерін терең зерттеді. Олар колхоз ғалымы Т. С. Мальцевтың озат әдісін, органикалық және минералдық тыңайтқыштардың неден құралатынын, оларды қалай қолдану керектігін зерттеумен шұғылданды. Курста дәнді дақылдар мен оwoщ егісінің сырларына қанығу, олардан бітік өнім алу жан-жақты

талқыланды. Қыс бойы алған теориялық білім жаз кезінде тәжірибемен ұштасты.

— Биология мен агротехника — өсімдіктер дүниесінің сырын ашатын кілт, — деп үйретті балаларды оқу бөлімінің меңгерушісі Николай Петрович Бондаренко.

Егерде бір іс ретіне келмей, балалар тұйыққа тіреле бастаса, бұларға дереу көмекке Мария Николаевна Денисенко, Евдокия Михайловна Купавская, Дмитрий Иванович Юрченко сыяқты тәрбиешілер көмекке әзір болды. Олар өздерінің білімдері мен тәжірибелерін оқушыларға іркілмей беріп отырды. Оқуды үнемі байсалды жүргізу, тәжірибешілердің оқушыларға іскер көмектесуі жастардың еңбекке ынтасын күнбе-күн күшейте берді.

— Біздің бұл жұмыстарымыз тек ермек үшін емес, — деді бір күні Антоша Кригер. — Бұл маңызды іс. Біз Қазақстан жеріне жүгеріні өз қолымызбен сеуіп, онан бітік өнім алуға тиіспіз.

Антоша, Ваня және Сережа сонымен өздеріне берілген участокті жақсылап тұрып жыртты. Сонан кейін әр гектарына екі жүз тонна көң, 30 центнер күл есебінен, жерге тыңайтқыштар септі.

— Мал азығына арналып егілетін жүгерінің қай мерзімде егілуге тиіс екенін анықтаудың зор маңызы болады, — деді егіс алдында Антоша.

— Охо, сенің өзің нағыз агрономша сөйлейтін болыпсың ғой, — деп күлді Ваня.

— Мен бұл сөздерді оқулықтан оқып алғанмын, — деп мойындады Антоша. — Ал, осы айтылған ереже бойынша тәжірибені өзіміз жүргіземіз.

Бұлар жүгерінің біразын майдың 12-сінде, біразын 19-ында, қалғанын 26-сында септі. Кейін қайталап айтпау үшін, ерте егілген жүгеріден бітік өнім алынса, ең соң егілген жүгеріден өнімнің тым аз болғанын осы жерде атап кеткен дұрыс.

Енді көктемгі жұмыстың қалайша басталғанына оралып көрейік. Балалар жүгеріні шаршы ұялап егу әдісімен септі. Олар екі сортты. «Алматы» және «Безенчук» сорттарын жеке-жеке мөлтек етіп септі де, тағы бір участокке осы екеуінің будан түрін екті. Мұның тарихы былай еді. Будан екі жыл бұрын «Алматы» сортының бітік өнім бергенімен кеш пісетін, ал «Безенчук» сортының ерте піскенімен өнімді аз беретіні балаларды үлкен ойға қалдырды.

Сонда Антоша тұрып:

— Біз әрі ерте пісетін, әрі бітік шығатын сорт табуымыз керек, — деген-ді.

Міне, балалар осыдан кейін екі сортты будандастырып өсірген-ді.

Балалар көктемде әр шұқырға екі-үштен дәндер септі. Өсімдік тебіндеп көріне бастасымен, жерді қопсытып, оның сабағы жыйырма сантиметр көтерілгенде, топырағын майдалап қойды. Мұнан сегіз күн өткен соң олар егінді бірінші рет суарды да ізінше қоректендірді. Жерді екінші рет қопсыту өсімдіктің сабағы 30 сантиметр көтерілгенде жүргізілді. Енді бір күн өткеннен кейін жер қопсытылды да участокке су жіберіліп, оның ізінше топырақ қоректендірілді.

Жүгерінің сабағы бұдан кейін қаулай бой тастап, жас табиғат зерттеушілерді сүйсіндіре түсті.

— Көріп тұрыңдар, егініміз бітік болады, — деді күлімсіреп Сережа. — Мұндай бітік өнімді бүкіл ауданда ешкім ала алмайды.

Шабықтау жұмысы әрі қызу, әрі ұқыпты жүргізілді. Шұқырлардың әрқайсысында бірден, ал өсімдігі балғын қайсы бірінде екіден сабақ қалдырылды. Шабықталғаннан кейін жыйырма күн өткен соң егін екінші рет суарылып тағы да қоректендірілді де, июль айының орта шенінде арам шөптен арылтылды.

Август айы да туды. Жүгері қаулаған үстіне қаулап өсіп келеді, жер ылғалды және арам шөпсіз тап-таза. Балалар август айының бас кезінде бүкіл участокті тағы да бір мәртебе қандыра суарып өтті.

— Қолдан тозаңдату қажет, — деп ескертті достарына Ваня. — Қолдан тозаңдатқанның көп пайдасы болады.

Мұнан кейін балалар өсімдіктің арасына кіріп, желектерін ақырын сілке бастады. Әр желекті тербеткен сайын тозаң көрші өсімдікке бұрқырай ұшады.

Достары Коля Бугровтың участогіне жиі келсе, Коля да ағайынды Володя мен Ваня Стацынидерді ертіп, олардың участоктерін де қарап жүрді. Бұл екі топтың әрқайсысында да үйренерлік өнеге бар. Коля Бугров болса жаңашыл. Ол картоп өсірумен шұғылданып, 1953 жылдан бері қарай тәжірибе жұмысын жүргізіп келеді. Бұл жылдар ішінде оның звеносы өзінің участогінде «Северянка», «Ульяновская», «Рекорд», «Ранняя роза», «Лорх» сорттарын өсіріп көрген. Ол енді біздің жерімізде:

— «Лорх» — ең бітік өнім беретін сорт, — деп іркілместен айтады.

Бұл сортты Коля, Володя, Ванялармен бірлесіп, көктемде егіп еді. Оны шаршы-ұялап егу әдісімен отырғызып, бес рет суарған-ды. Суарған сайын қоректендіріп те отырды. Алғашқы кезде су жеткізу қиыны болды. Кейіннен балалардың өздері қозғағыш орнатып, суды атызбен жіберетін болды.

— Осы мен жүгеріден өнімді көп алатын болсам, сен де картоптан сонша алмақпысың? — деп Антоша оны кекетіп те қойды.

— Айырмасы болса да, аз-ақ болатын шығар, — деп жауап қайырды Коля.

Көрші участкада Катя Елисеева, Валя Максименко және Вера Цыгунова күнұзақ жұмыс істеп жүрді. Олар асқабақ, сәбіз өсірді. Ал, Гера Рейнс інісімен және Витя, Колос, Бабаковтармен бірге пияз өсірумен шұғылданды. Владимир Кожевников өзінің жолдастары: Сергей Жабасов, Гайнут Шмитскийлермен бірігіп қызылшаны ұқсатты.

Жазда бұлардың бәрі жақсы еңбектенді, тындырылған жұмыстың бәрін тізбектеп жату қиыны. Балалардың тек қыстың күні сан мың шым тезек шірінді құмыраларын әзірлеп қойғанын атап айтуға болады. Міне, соларда өнген өсімдіктерден жаз шығысымен участкада өскен дақылдарды көрсеңіздер еді! Олардың ішінде:

жүгері, капуста, сәбіз, помидор, қыяр, пияз, қант қызылшасы, тары, бидайық тағы толып жатқан өсімдіктер бар.

Мұның өзін шағын тәжірибе станциясы деуге болады, оның көлемі 2230 шаршы метр.

Жас табиғат зерттеушілердің еңбегі жанды. Оны мына цифрлардан көруге болады. Гектарға шаққанда, капустадан 877,4, картоптан 501,6, сәбізден 391,3, арбыздан 662, пияздан 284, помидордан 596, жүгеріден 557 центнер өнім алынды.

Мұнда жарысқа түскендердің қайсысының жеңіп шыққанын айту қиыны. Оның себебі: жарысқа түсушілер тегісімен рекордтық өнім алған.

Бір ғана айтар ой: бұл қол жеткен табыстар да шек емес.

— Былтыр осы жас табиғат зерттеушілердің он алтысы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Октябрь айында аудандық көрмеде жас табиғат зерттеушілерге бірінші дәрежелі диплом берілді. Көрсеткіштері бойынша быйыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне бұл балалар үйінің 41 оқушысы қатыса алады.

И. Руденко,

Урюпинка селосы.
Акмола облысы.

НАТУРАЛИСТІҢ ДӘПТЕРІНЕН.

Озбыр құс.

Шаңытқан аязда Балқаш көлі жағасындағы қамыстардың тасасына жасырынып күн еңкейе бастады. Солтүстіктің өкпек желі ұсақ қиыршық қарды үйіріп, қу қамыстарды сусылдатып, бастарын жерге иілдірді.

Күн батысымен қамыс арасынан шырылдаған әлсіз дауыс шығарып, кішкентай ғана қоңыр құс қамыс басына келіп қонды. Құстың кішкентайлығынан оның қонған қамысы иілген де жоқ.

Бұл бізтұмсық деген құс еді. Ол аяғын кезек-кезек бауырына басып жылытып, содан кейін құрқылтайлардың кішкене ғана аузы бар, қолғап тәріздес ұясына жып беріп кіріп кетті. Ұя қамыстың басында шайқалып тұр еді. Бізтұмсық шырылдап дауыс шығарды да, іле тына қалды.

Құрқылтайлар Балқашта қыстыгүні ұяларын тастап кетпейді, барлық балапандарымен бірге сонда қалады. Міне, қыстың қысқа күні бата бергенде, құрқылтайлар өз ұяларына қарай асықты.

Бірақ, ұя бос болмай шықты. Ұядағы бізтұмсық тура шақ етіп келген құрқылтайдың маңдайынан шоқып алды, ұя несі қайтып беттей алмады...

Құрқылтайлар ұяға айнала қонып, үрейлене бір-

бірімен тіл қатысты. Біреуі қайта кірмек боп екінші рет ұмтылып еді, бұ да сәтсіз болды. Құрқылтайдың маңдай жүні бұрқырап аспанға ұшты. Ал, сүғанақ бізтұмсық ұядан басын қылатып нақ бір өзінің үйіне құрқылтай басып кіріп жатқандай-ақ, шаңқылдай жөнелді. Ымырт жабылып кетті. Аяз күшейіп, жел ішін тарта соқты. Құрқылтайлар ұяны қоршай қонақтап, бір-бірімен үрейлене үн қатысты.

Ақырында құрқылтайдың біреуі ұяға қайта енді. Бірақ бізтұмсық оны қуған бетте, ет қызуымен далаға атып шықты, шығып әлгі құрқылтайды ұяны айналдыра қуды.

Осы кезде басқа құрқылтайлар уақытты өткізбей, бірінен соң бірі ұяға кіріп, жым болды. Ұяға ұшқан екпінімен соңғы құрқылтай да, оның соңынан бізтұмсық та сүңгіді. Міне, қызық — ұяның іші тым-тырыс.

Таңертең бізтұмсық ұядан бәрінен бұрын ұшып кетті де, кешкісін тағы да ең алдымен қайтты.

Ұядағы өмір қыс бойы осылайша өтті. Күнде кеш түсісімен құрқылтайлар шақырылмаған «қонақпен» осылай арпалысады да жүреді.

М. Зверев.



ОЙРАНБЕКТИҢ ОПЫҒЫ

Ойранбек деген ат жақты, кең иықты, келбетті бала. Ол жаз күндерінде ақ жібек көйлегінің жеңін, шалбарының балағын түріп, өзінің мығым денесін ылғый мақтан етіп, көкірегін керіп жүреді. Ойранбек ойында болсын, бір жұмыста болсын ойлануды білмейді, ойына не келсе, соны істеп, талай сәтсіздіктерге де ұшырайтын...

Бір күні Ойранбек төр үйде тұрған папасының қосауызын алды да, бақша жақтағы түкпір есіктен шығып, тайып отырды. Ол өзінің көршісі Қызбаланы ағаш көлеңкесінде кітап оқып жатқан жерінен тауып:

— Кәне, жүр, аң аулап, масайрап қайтайық,— деді маңғазданып.

— Бір минут тоқтай тұр,— деп Қызбала үйге кіріп кеткенде, Ойранбек бәкісін ашып жіберіп, бір сымбатты жас шыбықты қыйып алды. Үйден шыға берген Қызбала:

— Ой, мынауың не? — деді өкінішті дауыстап.

— Ол маған керек,— деді де, Ойранбек ысқырып жіберіп, жүре берді.

— Сен өзің атуды білесің бе? — деп сұрады жолшыбай Қызбала Ойранбектен.

— Сондай да сұрақ бола ма екен?! Көрсетші өзің,— деп Ойранбек көзі жайнап, алысқа тесіле қарады.

Олар қымыздықты көк өзектен, топтала өскен қайыңнан, шағыл құмнан өтіп, Өзенағаш-

тың қалың тоғайына кірді. Миуалы шалғынның, оның арасындағы жалбыздың хош иісін жұта отырып, балалар қалың ағаш ішіне кіре түсті. Тарбыя өскен биік теректердің басында сансыз қара қарғалар ұшып-қонып жүр еді. Бір кезде Ойранбек иығындағы мылтығын ала сап, гүрс еткізді. Қорқынышты гүрсілден көтерілген құстардың айғай-шуы айналаны түгел алып кетті.

— Тұу, босқа атады екенсің ғой өзің,— деді Қызбала кейіп.

...Олар арықты бойлап келе жатыр еді, Ойранбек кенет кейін шегініп:

— Тоқта, дәу сазанды қара, атып түсірейін! — деді.

— Жоқ, мен атайын,— деді Қызбала.

— Ендеше мен оны...— деп Ойранбек қолына бір үлкен тасты алып, суға ұмтылды. Балықты үркітіп жібереді екен деп қорыққан Қызбала дереу келісе қойды.

— Бәрібір, тигізе алмайсың.

Ойранбек мылтықтың аузын суға көміп жіберіп, жусап тұрған сазанның дәл желбезегіне таяды да, іркілмей тартып қалды. Шірік ағаштың сынып түскеніндей, мылтық даусы сырқ етті. Қап-қара түтін Ойранбекті көрсетпей, дәрінің иісі мұрынды бітеп тастады. Қызбала шашалып, жөтеліп, түтін айыға бастағанда, Ойранбектің ыңырысып жатқанын көрді.

— Ах-х-х-ха! — деп ол жатқан күйінде қақсап қоя берді.

Ойранбектің бұл сарнауы ащы бір күлкіге ұқсап, Қызбаланы түршіктіріп, тізесін дірілдетіп жіберді. Ол ештеп келіп, досының басын көтерді. Бетінің бәріне мылтықтың дәрісі қадальып, қарайып кеткен. Қатты дем алғанда аузынан түтін бүрқ ете түсті. Бетінен басқа жерінде дақ жоқ екенін көрген Қызбала суға қарап еді, қосауыздың екі түтігі бірдей талқан боп, су ішіндегі бұтақта ілігіп тұр екен.

— Ойранбек, не болды?! — деді Қызбала қалтырап.

Ойранбек басын әрең көтерді.

— Ой, көзім, етім қандай? Тырысып барады. А-а-а...

— Қарайып кетіпті.

— Қап, күйіп барады. Енді не істедім, папама не айтамын?

Айткен Диқанов.

Ақмола облысы.





СУРЕТ ТҮСІРІП ҮЙРЕН

«Фотосуретке түсіруді қалай үйренуге болады? Журнал бетінде осы жөнінен кеңес берулеріңізді өтінемін»,— деген тілектер редакцияға хат арқылы көп түседі. Бұл тілектерді орындау мақсатымен, фотосуретке түсіруді үйрету жөнінде бірнеше әңгіме береміз. Төменде бірінші әңгімені жариялап отырмыз.

1

Айналамызда, өмірімізде нештүрлі қызықтар болып жатады. Оқуда, еңбекте, демалыс кезінде нештүрлі қызық жайларға, оқығаларға кездесеміз. Соларды жай ғана еске түсірмей, сол қалпында көз алдыға келтірсең, оқығаның әсері онан да күшті болады. Мұндайда саған фотосуреттер үлкен көмекші.

Айталық, бір отряд өлке тапу саяхатына шыққан екен. Жорық кезіндегі жайларды күнделікке жазып отырасыңдар. Егер осыған қоса фотосуретті пайдалансаңдар, қандай тамаша! Жолға шығарда бәрің фотосуретке түссеңдер, одан кейін жорық кезіндегі коллекция — гербарий жыйнаудағы істеріңді, колхозшыларға көмектеріңді түгел түсіріп отырсаңдар арнаулы альбом құрастыруға болады ғой. Оларды көргенде, тіпті жорыққа қатыспағандардың өздері де сендердің пайдалы істеріңмен танысады. Мақсы түсірілген фотосурет арқылы туған өлкенің сұлу табиғатын — өзендерін, ормандарын, асқар тауларын, жайқалған егінің көресің. Қысқасы фотосуреттер арқылы мектептегі, еңбектегі бүкіл істеріңді бейнелеп отыруға болады.

Фотосуретке түсіре білуді қалай үйрену керек? Бұл үшін ең алдымен мектепте фото үйірмесін ұйымдастырған жөн. Үйірмені физика пәнінің мұғалімі басқаруға тиіс. Өйткені ол фото жөнінен көп нәрсе біледі. Немесе жолдастарыңмен бірге де үйренуге болады. Көп болсаңдар тіпті жақсы. Біріңнің түсінбегеніңді екіншің түсініп, өзара көмектесіп отыратын боласыңдар.

АППАРАТТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Аппараттың түрі көп. Бірақ олардың бәрі де бір принцип бойынша жасалған. Сондықтан бір аппараттың құрылысымен танысып, оны жақсы біліп алсаң, басқаларын да оңай игеріп кетуге болады.


Аппараттар пленкалық және пластинкалық болып бөлінеді. Фотосуретке түсірумен әуестенушілер көбіне пленкалы аппаратты пайдаланады. Өйткені ол пластинкалы аппараттан анағұрлым ыңғайлы.

Әрбір аппараттың фотопластинка салынатын немесе пленка оралатын ұясы болады. Жастар арасында ең көп қолданылып жүргені «Любитель» деген аппарат. Онымен суретке түсіру оңай және аппараттың құрылысы да қарапайым жасалған. Фотоаппарат жақсы объективпен жабдықталған. Өзі арзан. Сендерді дәл осы аппараттың құрылысымен таныстырғалы отырмыз.

Аппарат 6×6 см. мөлшерлі сурет түсіруге арналған. Оның пленкасы шарғыға (катушкаға) оралады. Әр шарғыға оралған пленка 12 фотосурет түсіруге жетеді. Аппаратқа пленканы жарықта-ақ салуға немесе салынған пленканы одан жарықта қайтып ала беруге болады. Мұның, әсіресе, жорық кезінде пайдасы зор.

Аппаратқа екі объектив орнатылған. Сурет соның төменгісі арқылы түсіріледі. Төменгі объективтің затторы болады. Ол кідірісті (выдержка) В-дан бастап 1/10, 1/25, 1/50, 1/100, 1/250 секундтық мерзіммен өздігінен мөлшерлеп тұрады. Мұның өзі жүгіріп бара жатқан адамды немесе велосипедшіні, басқа да жылдам қозғалыстағы нәрсені суретке түсіруде жеңілдік келтіреді. Үстіңгі объектив аппаратты суретке түсушіні дәл көретіндей етіп тұралауға арналған. Оның жыйнақтағын қырлы шынысы (линзасы) сен түсіргелі тұрған заттың бейнесін (суретін) аппараттың үстіңгі жағындағы айнаға түсіреді.

Екі объектив бір-бірінен бөлек тұрғанымен, олар өзара тығыз байланысты және бір мезгілде жұмыс істейді. Яғни, үстіңгі объектив бей-



нені есіп көріп тұрған айнаға түсіргенде, төменгі объектив сол бейнені тікелей аппараттың ішіндегі пленкаға түсіреді. Осы екі бейненің фокусы пленкада және айнада келіп тоғысады. Егер түсіріп тұрған заттың бейнесін айнада айқындап, дұрыс фокус ала білсең, пленкадағы сурет те айқын болып шығады.

ФОТОАППАРАТҚА ПЛЕНКАНЫ ҚАЛАЙ САЛАДЫ

Жоғарыда айтылғандардан сендерге мыналар белгілі болды: Аппаратқа шарғыға оралған пленка салынады. Мұндай пленка 12 рет фотосурет түсіруге жетеді. Енді шарғының құрылысымен танысайық. Ол үш бөлшектен құралған.

1. Шарғы (катушка).
2. Сәуле өткізбейтін қағаз лента. Оны ракорд деп атайды. Лентаның сыртқы беті қызыл түске боялған. Өзінің ішіне оралған сәуле сезгіш пленкадан ракорд екі еседей ұзын және сәл жалпақ болады.

3. Пленка. Бұл ракордтың ішінде тұрады. Оның бір шеті ракордтың қара түсті бетіне желімделген. Ракордтың екі шеті ішіндегі пленканың екі шетінен әр жағында 40 сантиметрдей ұзын. Ол шарғыға бірнеше рет оралып, пленкаға сәуле өткізбейді. Ракордтың сыртқы шеті аппаратқа пленка салу үшін арнап жасалған. Шарғыда — ракордтың сыртқы қызыл түсті бетінде рет санын көрсететін 1, 2, 3,.. 21 деген цифрлар жазылған. Бұлар қанша сурет түсірілгенін көрсетіп тұрады. Шарғының алдыңғы жағында сұқ қолдың және әрбір цифрдың тұсында кішкентай үшбұрыштардың суреті бейнеленген. Бұлар — ескерткіш

тұратын белгілер. Шарғының өзегінде саңылау бар. Ракордтың ұшы соған қыстырылады. Аппаратқа лента салу үшін оның үстіңгі жағындағы серіппені тартып, аппарат корпусының сыртындағы қақпақшасын ашу керек. Аппарат корпусының үстіңгі бөлегінің ішінде қабылдағыш бос шарғы тұрады. Корпустың төменгі бөлегінің ішінде шұңғыл ұя қалдырылған. Пленкалы шарғы осы ұяға салынады. Шарғы үстіне жапсырылған желімін жұлып тастап, ракорд пленкасының шетін босатып жіберде, пленкалы шарғыны төменгі ойыққа, ал бос шетін суретке көрсетілгендей етіп үстіңгі бос шарғыға сал. Бұдан соң қабылдағыш шарғыны кілттің тұтқасынан ловка ұстап (кілт камераның бүйірінде орналасқан) бұрай отырып, толық бір айналдырып шығасың. Пленка ойық ұяға жымдаса орналасуға тиіс. Сол сәт камераның артқы қақпақшасын жап. Аппаратқа пленка салу осымен бітеді.

Мұның бәрі күн сәулесі тіке түсетін жерден әрірек, көлеңкеде және пленкаға сәуле түсіріп алмау үшін мұқияттылықпен орындалады. Аппараттың сыртында қызыл түсті кіпкентай шыны көз бар. Оның ішінде сәулені көлегейлейтін қалқа бар. Бұл — бақылайтын, байқайтын, терезешік. Егер оның қалқасын салыстырып, кілтті айналдырсаң, терезеден 1 цифрын көресің. Сол шақ кілтті айландыруды тоқтат. Аппарат бірінші сурет түсіруге әзір болды! Келесі сурет түсіргенде жаңағы қыймылдың бәрін қайталап, терезеде 2 деген цифр шыққан соң қоясың.

Әр сурет түсірген сайын осылай қайталаңады. Оның әрқайсысы бір кадр делінеді.

ФОТОСУРЕТ ТҮСІРУГЕ ҚАЛАЙ КІРІСУ КЕРЕК

Бәрі әзір болған соң объектіні фотосуретке түсіруге кіресің. Ол былай түсіріледі: корпусың үстіңгі бөлегінде әйнек бар. Сол әйнек арқылы көріністі іздеп табасың. Әйнек жыймалы пердемен қалқаланып тұрады. Бұл перде оған басқа сәулені түсірмейді. Бейнені іздеу әйнегіне қарап, суретке түскелі тұрған объектіні көресің. Алдыңғы үстіңгі объективтің жиектемесін айналдырып тұрып, жаңағы бейнені іздеу әйнегіне қара. Сол шақ оған түскен бейне бірде солғынданады, бірде айқындана түседі. Бұл кезде төменгі объектив бейнені пленкаға түсіргенде де дәл осындай жағдай болады. Бейне әбден айқын көрінгенде жиектемелі айналдыруды тоқтат.

Сонымен бейнені объективтен әбден айқындадыңдар. Енді осы бейнені суретке түсіріп алу ғана қалады. Ол үшін не істеу керек?

Төменгі объективтегі әзірлегіш тұтқамың (заводной рычаг) көмегімен затворды жылдамдыққа қой. Бұдан соң кідірісті $\frac{1}{25}$ немесе $\frac{1}{50}$ секунд жылдамдық кідірісінің шкаласына (кідіріс түсіретін объектіге, жарыққа байланысты) қою керек.

Тағы да бір ұмытпайтын нәрсе мынау: жоғарыда істелген шараларға қоса объективтің диафрагмасын төменгі объективтің шкаласындағы 4,

5, 6, 8, 11, 16, 22 цифрларына тұстастыру керек.

Суреттің айқын шығуы осы айтылған әзірліктердің бәрі қаншалықты дұрыс орындалғандығына және, әсіресе, кідірістің қаншалықты дұрыс қойылғанына байланысты. Өйткені кідірісті тым ұзаққа созу, сондай-ақ тым қысқарту суреттің дұрыс шығуына кесірін тигізеді.

Ал, қандай жағдайда қандай кідіріс жасауды анықтау жолдарын келесі әңгімеде баяндаймыз.

Фотосуретке түсіру кезінде мына ережелерді орындау қажет.

1. Объектіні, үйді, топ адамды, табиғат көрінісін суретке түсіргенде, оларды түсірудің ең ыңғайлы болатын орнын тап және жарық сәуленің дұрыс түсуін қадағала.

2. Аппаратқа пленканың дұрыс салынған, салынбағанын, бұдан бұрынғы түсірілген сурет кадрларының жылжытылған, жылжытылмағанын тексер.

3. Визирлеу жүргіз яғни объективтен бейненің фокусын тап. Диафрагманы бейне әбден айқын көрінетіндей шкалаға қой.

4. Суретке түсірілетін объект анық көрінуі үшін аппаратты оған жақсы турала.

5. Қанша кідіріс жасау керектігін анықта.

6. Затворды жылдамдыққа қой. Тұтқаның шаппасын көтер де, оған соң басып қалып сурет түсір.

7. Пленканы келесі кадрға көшір. Осылардың әрқайсысына келесі әңгімелерде жеке-жеке толық тоқтаймыз.

П. Редько.


ТЕХНИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АЛЫП СТАНОК

Ауыр станок жасайтын Коломенск заводы соңғы жылдары карусель тәріздес бірнеше түрлі станок шығара бастады. Бұл станок диаметрі 5 метрге жететін бөлшекті өңдеуге өте қажет болатын. 1953 жылы мұнда карусель тәрізді әлдеқайда қуатты станок жасалды, бұл диаметрі 13 метрге жететін затты өңдейді. 20 мыңнан астам бөлшектен құралған бұл станоктың 500 тоннадан аса салмағы бар және 260 кубометр ауданды алады, ал биіктігі үш қатарлы үйге тең.

Алып станок трубиналардың және 170 тонналық машиналардың детальдарын өңдеуге арналған. 0,25 киловаттан 150 киловатқа дейінгі қуаты бар 42 электр қозғағыш станоктың механизмдерін қозғалысқа келтіреді. Станок кнопкалармен басқарылады, сәуле және дыбыс сигналдарымен қыймылға келтіріледі.

Біздің өнеркәсіп орындарында бұл станок барған сайын көбірек қолданылуда.



Жаңа КІТАПТАР



«ИЛЬКО ВИТРЯК»

— Менің атым Илько, фамилиям Витряк, жасым он бесте, әкем коммунист болған. Фашистер біздің Малый Букрин селосына басып кіргенде сол күні бір опасыздар әкемді немістерге ұстап берді, онымен қоса селоның он бір активін ең жақсы, адал адамдарын дарға асты, шешем немістердің қудалауынан құтылам деп жүріп минаға жарылып өлді. Менің тарихым осы! Маған сенбейсіңдер ме? Сенсеңдер мені топтарына қосыңдар! — деп өтінеді партизандардан фашистерге кектенген он бес жасар Илько...

Отанымыздың тыныштығын бұзып соғыс өртін тұтандырған басқыншыларға қарсы совет халқы майданда да, тылда да жан аямай күрес жүргізіп жеңіп шықты. Басқыншылар уақытша басып ал-

ған аудандарда партизандар да ерен ерліктің, Отан сүйгіштіктің асқан үлгісін көрсетті.

Совет адамдарының патриоттық сезімдері, батырлық істері даңқты партизан Қасым Қайсеновтың Ұлы Отан соғысы уақытынан алып жазған «Илько Витряк» атты кітабында жақсы суреттеледі. Шығармадағы кейіпкерлер тегіс Ұлы Отан соғысына қатысқан ер-жүрек батыр адамдар. Бұлардың бәрі жауға қарсы күресте өздерінің ерлік істерімен айырықша көзге түскен нағыз партизандар. Кітапта бұлардың әскери қызметі баяндалып, суреттері де берілген.

Шығармада ересек адамдармен бірге жас патриот Илько Витряк нағыз совет жасы екендігін танытады. Сондықтан да автор шығармасын Илько Витряк деп атайды... Илько партизандарға қосылғанша жолдасы Михайломен бірге тылда неміс басқыншыларының жауыздық әрекеттеріне қарсы астыртын жұмыстар жүргізіп жаудың ойын болдырмайды. Жау қолынан қаза тапқан оның ата-анасының кегі бүкіл елдің кегіне ұштасады. Ол қайткенде партизандарға қосылып, жаудан кек алуды алдына мақсат етіп қояды. Илько ақыры дегеніне жетеді, партизандар қатарында талай жорықтарға қатысып, қыйын өткелдерден өтеді. Жауынгер партизандар тобы Қызыл Армия бөлімдеріне қосылғанда, Илько да бірге болады. Ұлы жеңіске өз үлесін қосады. Сөйтіп жаудан кегін алады.

Балалар, сендер бұл кітаптан талай қызық эпизодтарды кездестіресіңдер.

Мұқабаның 1-бетінде — В. И. Ленин
(Ульянов) Гимназияның бірінші класында 1879 жыл.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х.,
Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан ҚП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 21/III—1956 г. УГО2023. Бум. 84×108^{1/16}—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 28137 экз.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 209.



«МЕНИ ДОСЫМ»

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы белгілі ақын Сергей Михалковтың балаларға арнап жазылған «Менің досым» деген өлеңдер жыйнағын басып шығарды. Өлеңдерді қазақ тіліне аударған ақын Жаппар Өмірбеков.

Ақынның бұл өлеңдер жыйнағына «Мектеп», «Менің досым», «Ленин музейінде», «Жақсы адам», «Аркадий Гайдар» «Степан ағай», «Степан ағай — милиционер» сыяқты және басқа да көптеген өлеңдер енген.

Талантты ақын С. Михалков өзінің «Ленин музейінде» өлеңінде сүйікті көсеміміз В. И. Лениннің революциялық күрес жолдарын, оның мәңгі өшпес жарқын ұлы бейнесін өте тамаша суреттеген. Ленин музейін аралап шыққан жас ұрпақтар Отанға Ленинше қызмет етуге ант етеді.

Ант етеміз өмірде біз

Ленинше тұруға.

Ленинше Отанға біз

Адал қызмет қылуға — дейді олар.

Ақынның жыйнақтағы басқа өлеңдері жас ұрпақтарды өнегелі іске, еңбек сүйгіштікке, достыққа, адалдыққа, кішіпейілділікке баулайтын үлкен тәрбиелік мәні бар өлеңдер.

Бұл өлеңдерді звенода, отрядта бірігіп оқып шығыңдар. Өздеріне ұнаған өлеңдерді жаттап алыңдар.

Б. МАНАСБАЕВ.



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1956 жылғы 2-номеріндегі кроссвордтың, «25», жұмбақтың шешулері.

«Кроссворд»

Тігінен:

1. Қант. 2. Арат. 3. Алтай. 5. Каторк. 7. Қушқа. 8. Атом. 10. Сена. 11. Саратов. 12. Аньшань. 14. Аракс. 16. Ленин. 19. Қара. 20. Анчар. 21. Арал. 25. Сағат. 26. Қырық. 29. Март. 30. Тура.


Көлденеңінен:

3. Абай. 4. Ерік. 6. Текст. 8. Арқар. 9. Колас. 13. Жора. 15. Ташкент. 16. Лена. 17. Асқар. 18. Ұшқын. 22. Марс. 23. Познань. 24. Нерв. 27. Атлас. 28. Қызыл. 29. Марат. 31. Тары. 32. Орақ.

«Жұмбақ»

Бақа.


«Жыйырма бес»



Жауабын бірінші жібергендер: Ормаханов Сүйінбай, Жабаев Сендуат (Талас ауданы), Бостанова Қарақыз (Арыс ауданы), Шайханова Райхан (Аягез ауданы).

ШАРАДА

Тұңғыш буын — екі әріп, бұйрық рай. Екінші — септік жалғау таныс саған. Үшіншісі — есімдік, табу оңай: Өскелең өлкеңдегі мен бір қалаң.



«34»


Мына жоғарыдағы он жеті дөңгелекке 1 ден 17 ге дейінгі санды орналастырғанда, әрбір түзу сызықтың бойындағы үш дөңгелектегі санның қосындысы 34 тен болсын.

Ә. ГУСМАНОВА.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КРОССВОРД

Тігінен оқығанда:

1. Қытайдағы қала. 2. Еуропадағы өзен. 4. Одақтас республиканың астанасы. 5. Азиядағы елдің астанасы. 7. Капиталистік мемлекет астанасы. 12. Азиядағы ел. 13. Азиядағы тау.



Көлденең оқығанда:


3. Мемлекет. 6. Африкадағы өзен. 8. Каспийге құятын өзен. 9. Шығанақ. 10. РСФСР облыс орталығы. 11. Халықтық-демократиялық республика астанасы. 14. Еуропадағы мемлекет астанасы.

Құрастырған Е. ТІЛЕУБАЕВА. Балқаш ауданы.

КРОССВОРД

Тігінен оқығанда:

1. Құстың мүшесі. 3. Балықтың бір түрі. 4. Бұғының бір түрі. 6. Халықтық-демократия республикасы. 7. Одақтас республиканың астанасы. 9. Түлік. 10. Теңіз жануары. 11. Организмдегі сұйықтық. 12. Қатты зат. 14. Есімдік. 16. СССР-дағы қала. 17. Адамның ішкі организмнің бір бөлігінің аты. 20. Үй хайуаны.



Көлденеңінен оқығанда:

2. Адам мүшесі. 5. Ағаш. 8. Шыны кесетін тас. 9. Салт атты адамның құралы. 11. Адам мүшесі. 13. Дақыл. 14. Ұзын жыра. 15. Оқу құралы. 16. Жер қазынасы. 18. Тау аты. 19. Қазақтың тұңғыш ағартушысы. 21. Өсімдік. 22. Жыл мезгілі.

М. ШЕКТІБАЕВ.
Алматы.

ШЫРША НЕШЕ ЖЫЛ ӨСЕДІ

Ну орманға барғанда көлеңкеде өсіп тұрған әдемі шыршалар көзге түседі. Жай қарағанда олардың өсіп тұрғанына не бары 5—6 жылдай ғана уақыт өткендей болып көрінеді. Ал, шындығында, олар ертеден келе жатқан кәрі ағаштар. Оларға 70—80 жыл, тіпті көпшілігіне 100 жылдай болған.

Шыршалы орманда ағаштағы бұтақтар тұтас өседі де, өмір бойы көкпенбек болып тұратын көлеңкелі күмбез жасайды. Ал, бұл көлеңкенің тасасында жас шыршалар жарық көре алмай, өте баяу өседі. Шыршаны кескенде оның өзегінің бунақтарынан қаншаға келгенін анық айыруға болады.

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

**Бір жылда
3.000.000**



**Текшемер
алам
үнедейміз!**